

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Заң институты
ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасы

Бекітемін
Академия бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
полиция полковнигі

З.С. Тоқыбаев

«___» _____ 2016 ж.

Жұмыстық оқу бағдарламасы
(SYLLABUS)

AD OVD3221 «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» пәні
бойынша (жалпы бөлім)

Мамандығы: 5В030300 «Құқық қорғау қызметі»

Оқыту нысаны: күндізгі

Барлығы: кредит саны: 2

Семестр: 5

Дәріс: 7 сағат

Семинарлық: 11 сағат

Тәжірибелік: 12 сағат

Рейтингтік бақылаудың саны (МБ): 2

КООЖ: 15

КӨЖ: 45

Емтихан: 5 семестр

Қарағанды 2016

«Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» пәні бойынша
5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандыққа арналған **жұмыстық оқу**
бағдарламасы (SYLLABUS), _____ бет

Құрастырғандар:

кафедрасының профессоры, з.ғ.к., полиция полковнигі А.В. Карпекин.
кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Е.Т. Қалықов.
кафедрасының аға оқытушысы полиция майоры Е.Ж. Тоқтабеков.
кафедрасының оқытушысы полиция майоры В.В. Олейник.

ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының мәжілісінде қарастырылды
«__» _____ 20__ ж., №__ хаттама

Кафедра бастығының м.а. _____ Е.Е. Кашенов

Оқу әдістемелік кеңестің мәжілісінде бекітілді.
«__» _____ 20__ ж., №__ хаттама

3.1. Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	ADOVD3221 «ПО әкімшілік қызметі»
2. Курс, семестр	3, 5
3. Пән циклы	БП
4. Кредит саны	2
5. Сабақ өткізу орны	Дәріс залы, аудитория
6. Сабақ өткізетін оқытушылар	Карпекин А.В., ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының профессоры, полиция полковнигі. Қалықов Е.Т., ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі. Тоқтабеков Е.Ж., ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры. Олейник В.В. ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының оқытушысы, полиция майоры. ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының мекен жайы: ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы ҚА, № 306, 309 кабинет. Байланыс телефоны: 347, 382.

3.2. Пререквезиттер: бұл курстың басталуына дейін құқықтық және теориялық білімдер қажет, олар оны келесі пәндерді оқып біле алды: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Құқық қорғау органдары, ҚР Әкімшілік құқығы.

3.3. Постреквезиттер: ПО қызметіне прокурорлық қадағалау; қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде криминалдық полиция аппараттарының тергеу бөліністерімен әрекеттестігі; ПО басқарудың негізі.

3.4. Пәнді қысқаша сипаттау: ҚР әкімшілік полициясының қызметтері мен бөліністерінің қызметін ұйымдастыру жағдайлары мен тәртібі, құқықтық негізі, олардың қызметінің нысандары және әдістері, құқық қорғау органдарында қызмет өткеру ерекшелігі туралы курсанттарға керекті білім көлемін ұсыну.

Курстың негізгі міндеттері болып: курс мазмұнын және мәнін ашады: ішкі істермен басқару; қоғамдық тәртіптің және қоғамдық қауіпсіздіктің; азаматтардың және басқада әкімшілік-құқықтық қатынастардың заңды мүдделерін, бостандықтарын және конституциялық құқығын қорғау; құқық қорғау органдарының бөліністерінің құрлымын, жүйесін және құқықтық жағдайын; ҚР құқық қорғау органдарында қызмет өткеру тәртібін,

принциптерін және құқықтық негізін, сондай ақ құқық қорғау органдарының қызметтерінің және бөліністерінің қызметінің ұйымдастыруын және ерекшелігін.

Қысқаша мазмұны

1 Тақырып. «ПО әкімшілік қызметі» курсының жүйесі, міндеттері және пәні. Ішкі істерді басқару. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік. ПО әкімшілік қызметінің мазмұны, түсінігі және принциптері.

«ПО әкімшілік қызметі» курсы пәнінің мақсаты тағайындалуы.

«ПО әкімшілік қызметі» курсының міндеттері.

«ПО әкімшілік қызметі» курсының жүйесі.

«ПО әкімшілік қызметі» курсының әкімшілік-құқық пәнімен басқа да арнайы және заң пәндермен өзара қатынасы.

Ішкі істермен басқарудың түсінігі, мазмұны және ерекшелігі.

Ішкі істер саласында атқарушы билік органдарының құзіреті.

Қоғамдық қауіпсіздіктің, қоғамдық тәртіптің және жеке бас қауіпсіздігінің элементтері, түсінігі.

Қоғамдық тәртіптің және қоғамдық қауіпсіздіктің қоғам өміріндегі басқа да салаларымен өзара қатынасы.

Азаматтардың қауіпсіздігін, қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етудің мазмұны.

Азаматтардың жеке қауіпсіздігін, қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғаудың әкімшілік-құқықтық құралдары.

ПО әкімшілік қызметінің мазмұны және түсінігі.

ПО әкімшілік қызметтің сиппатары.

ПО әкімшілік қызметінің принциптері. Принциптердің жіктелуі (әлеуметтік-құқықтық, ұйымдық).

Әкімшілік қызметті жүзеге асыру ерекшеліктері және оның ПО басқа қызметтерінен айырмашылығы.

2 Тақырып. Қазақстан Республикасының ПО ұйымдық құрлымы және құқықтық жағдайы.

ПО функциялары, міндеттері және құқықтық жағдайы.

ПО қызметінің әдістері мен нысандары.

Ішкі істер органдарының қызметіндегі нысандарының түрлері.

Ішкі істер органдарының қызметінде қолданылатын жалпы және негізгі әдістер.

ПО құрылымы мен жүйесі.

3 Тақырып. Қазақстан Республикасының ПО қызметтің ұйымдық және құқықтық негіздері.

ПО қызметтің құқықтық негізі. .
ПО қызметті ұйымдастыру, оның принциптері.
ПО кадр аппараттарының жүйесі.
ПО кадр аппараттарының құрлымы.
ПО кадрларды іріктеу тәртібі. ПО кадрларына қойылатын талаптар.
ПО қызметтік тәртіп.
ПО қызметкерлерінің міндеттері мен құқықтары.
ПО кадрларына енгізу.
ПО қызметкерлеріне арнайы атақтарды беру тәртібі.
Лауазымға тағайындау. Қызметтік аттестаттау. Қызмет бойынша жылжу. ПО қызметті аяқтау тәртібі (негізі, тәртібі).
ПО қызмет өткеру ерекшелігі. Қызметтік тәртіп.
ПО басшы және қатардағы құрамының жауаптылық түрлері мен мадақтау шаралары.
ПО қызметкерлерін әлеуметтік-құқықтық қорғау.

4 тақырып. Жалпы басқару функциясын жүзеге асыратын ПО бөліністерінің ұйымдық құрлымы мен құқықтық жағдайы.

ПО штаб бөліністерінің құқықтық жағдайы.
ПО штаб бөліністерінің функциялары мен міндеттері.
ПО штаб бөліністерінің жүйесі мен құрлымы.
Жедел басқару орталығының құқықтық жағдайы.
ЖБО функциялары мен міндеттері.
ЖБО жүйесі мен құрлымы.
ПО кезекші бөлімдерінің құқықтық жағдайы.
ПО кезекші бөлімдерінің міндеттері мен тағайындалуы.
ПО кезекші бөлімдерінің қызметінің принциптері.
ПО кезекші бөлімдерінің функциялары.
Кезекшінің жалпы және арнайы құқығы.
Қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларға жедел түрде көңіл бөлу бойынша кезекші бөлімнің міндеттері; қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және қоғамдық тәртіпті қорғауға жұмылдырылған күштер мен құралдарға басшылық ету; кезекші бөлімге жеткізілген адамдармен айналасу.
ПО кезекші бөлімінде сақталатын құжаттар.
ПО кезекше бөлімдерінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі.

5 Тақырып. Полицияның әкімшілік қызметінің әдістері, нысандары және мазмұны.

Полицияның әкімшілік қызметінің мәнісі мен құқықтық сипаты.
Полицияның әкімшілік қызметінің функциялары (жалпы, арнайы, қамтамасыз етуші).

Полицияның әкімшілік қызметінің нысандары (құқықтық, ұйымдық).

Полицияның әкімшілік қызметінің нысандары мен мазмұнының өзара байланысы.

Полицияның әкімшілік қызметіндегі сендіру шаралары және олардың құқықтық бағасы.

Полиция қызметкерлерімен қолданылатын мәжбүрлеу шаралары; мәжбүрлеу шараларының түрлері мен жіктелуі, оларды қолдану негізі.

Әкімшілік ескерту шарасының мәнісі, түрлері және түсінігі.

Полиция қызметкерлерімен қолданылатын әкімшілік бұлтартпау шараларының мәнісі, түрлері (жалпы, арнайы) және түсінігі.

Полиция қызметкерлерімен қолданылатын әкімшілік процессуалдық қамтамасыз ету шаралары. Олардың түрлері және қолдану тәртібі.

Полиция қызметкерлерімен салынатын әкімшілік жаза шараларының мәнісі, түрлері және түсінігі. Оларды салу тәртібі.

6 Тақырып. Полиция қызметкерлері атыс қаруын, арнаулы құралдарды және дене күшін қолданудың құқықтық негізі.

Полиция қызметкерлерімен атыс қаруын, арнаулы құралдарды және дене күшін қолдану бойынша полиция қызметкерлерінің қызметін құқықтық регламенттау.

Полиция қызметкерлерімен арнаулы құралдарды және дене күшін қолданудың негізі.

Арнаулы құралдарды және дене күшін қолдану тәртібі.

Полиция қызметкерлерімен атыс қаруын қолдану негіздері. Полиция қызметкерлерімен атыс қаруын қолдану тәртібі.

Атыс қаруын қолданудың шектеулері.

7 Тақырып. ПО әкімшілік қадағалауы.

Әкімшілік қадағалаудың мәнісі мен түсінігі.

ПО (полициямен) жүзеге асырылатын әкімшілік қадағалаудың түрлері.

ПО (полициямен) әкімшілік қадағалауды жүзеге асырудың және орнатудың құқықтық негізі.

Әкімшілік қадағалауға жататын адамдардың санаттары.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау: құқықтық негізі; орнату мерзімі мен негізі; жүзеге асыру тәртібі; қадағалаудағы адамдарға қолданылатын шектеулердің түрлері; тоқтату негізі; әкімшілік қадағалаудың ережесін бұзғаны үшін жакаптылық.

8 Тақырып. ПО әкімшілік юрисдикциялық қызметін ұйымдастыру.

ПО әкімшілік-юрисдикциялық қызметінің түсінігі және құқықтық негізі.

ПО әкімшілік-юрисдикциялық қызметінің мәні, міндеттері.

ПО әкімшілік-юрисдикциялық қызметінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманың принциптері.

ПО әкімшілік-юрисдикциялық қызметінің ерекшеліктері.

Ішкі істер органдарының ведомствалық бағынысына жататын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндіріс.

Ішкі істер органдарының ведомствалық бағынысына жататын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндіріске қатыскшылар. Олардың құқықтары мен міндеттері.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндірістің негізгі сатысы.

Ішкі істер органдарының лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, шешу және әкімшілік жаза қолдану бойынша өкілеттілігі.

9 Тақырып. ПО әкімшілік қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету.

Полицияның әкімшілік қызметінде заңдылықты қамтамасыз етудің ұғымы және әдістерінің түрлері.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіне қадағалау және бақылыау жүргізетен уәкілетті органдар (лауазымды адамдар).

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметіне қадағалау және бақылыау жүргізудің тәртібі және негіздері.

ПО-ң әкімшілік қызметіне прокурорлық қадағалаудың әдістері.

Заңдылықты бұзғаны үшін көңіл бөлу нысандары.

ПО әкімшілік қызметінде тәртіптің және заңдылықтың жағдайы.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде заңдылықты күшейтудің негізгі бағыттары.

10 Тақырып. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша ПО қоғаммен әрекеттесуі.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуының құқықтық негізі.

Қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде азаматтардың қатысуының ұйымдық нысандарының түрлері.

Қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы қоғамдық бірлестіктерді құру және қайта құру тәртібі.

Қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы қоғамдық бірлестіктер

Бұқаралық ақпарат құралдарымен ішкі істер органдарының қарым қатынасының ерекшеліктері мен нысандары.

Қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысушы адамдардың негізгі міндеттері мен құқытары.

ПО қызметтерімен, бөліністерімен және басқа мемлекеттік органдармен қоғамдық бірлестіктердің қарым қатынасы.

3.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Балл (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
	2	3	4	5	6	7	8
	Семинарлық (тәжірибелік) сабақта ауызша жауап	Сабақ жоспарларына сәйкес	Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Ағымдағы бақылау (ауызша жауап және сабақтағы жұмыс бағаланады)	Сабақтардың барлық тақырыптары бойынша ауызша жауап 30 балға дейін	Жауап сабақ барысында журналда бағаланады	Оқу жоспары мен сабақ кестесіне сәйкес сабақта
	Ауызша жауап, КОӨЖ-нда хабарламань баяндау	КОӨЖ сабақтарының оқу жоспарына сәйкес	Тақырып бойынша ұсынылған әдебиетті қолдану	Ағымдағы бақылау (ауызша жауап және КОӨЖ-нда жұмыс бағаланады)	Сабақтың әрбір тақырыбы бойынша ауызша жауабы үшін 10 балға дейін	Жауап сабақ барысында журналда бағаланады	Оқу жоспары мен сабақ кестесіне сәйкес КОӨЖ-нда
	Межелік бақылауға дайындалу	Тест сұрақтары	Семестр бойы дайындалу	Аралық бақылау (компьютерлік тестілеумен бағаланады)	10 балға дейін	Жауап ведомоста бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес 8-ші және 15-ші апталарда
	Емтиханға дайындалу	Емтиханға сұрақтар	Оқытудың барлық кезеңінде дайындалу	Қорытынды бақылау	50балға дейін	Жауап ведомоста бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес

3.6 Курс саясаты

«Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» барысында келесі ережелердің сақталуын өтінемін:

1. Сабаққа кешікпеу.
2. Сабақтан себепсіз қалмау, сырқатына байланысты болса анықтаманы, ал басқа жағдайларды түсініктемені беру.
3. Өтемдер қабылданбайды, докторант қатыспаған және оның алдында дайын болмаған сабақтардың сұрақтарына жоспарланған сабақтарда дайын болу міндетті.
4. Тапсырмаларды орындау, ұсынылған әдебиеттермен міндетті түрде танысу және конспектілеу.
5. Сабақ барысында ұялы телефондарды сөндіру.
6. Оқу үрдісіне белсенді қатысу
7. Курстас және оқытушылармен шыдарлық, ашық және мейрімді болу.

3.7. Ұсынылған әдебиттер тізімі

№ №р/н	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
Нормативтік- құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы.	30.08.1995ж.
2	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі.	05.07.2014ж.
3	«Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңы	06.01.2011ж
4	«ҚР Ішкі істер органдары туралы» ҚР Заңы	23.04.2014ж.
5	Құқық бұзушылық профилактикасы туралы ҚР № 271-IV Заңы	29.04.2010ж.
6	Тұрмыстық зорлық - зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының № 214-IV Заңы	04.12.2009ж.
7	ҚР Нормативтік құқықтық актілер туралы № 213-І Заңы	24.03.1998ж.
8	Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы ҚР № 223-IV Заңы	08.12.2009ж.
9	ҚР Босқындар туралы заңы	04.12.2009ж.
10	ҚР Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы № 28 Заңы	15.06.1996ж
11	«Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының № 73-V Заңы	29.01.2013ж.

12	«Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының № 194-V ҚРЗ	17.04. 2014ж.
13	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы № 410-V ҚР Заңы	18.11.2015ж
14	«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	16.01.2013ж.
15	«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.	12.01.2007ж.
16	«Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» ҚР Заңы.	19.06.1995ж.
17	«Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы» ҚР Заңы	16.06. 1999ж.
18	«Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	30.12.1998 ж.
19	Халықтың көшіп-қону туралы ҚР Заңы	22.07.2011ж.
20	ҚР «Әкімшілік процедуралар туралы» заңы.	27.11.2000ж
21	Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы ҚР Заңы	06.01.2011ж.
22	Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы Қазақстан Республикасының N 590 Заңы	09.07.2004ж.
23	Қоғамдық бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының N 3 Заңы	31.05.1996ж.
24	Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының N 451 Заңы	23.07.1999ж.
25	ҚР ПМ № 20 Бұйрығы « ҚР ПМ кадр жұмысының Департаменті туралы ережені бекіту туралы».	19.01.2009ж.
26	ҚР ПМ «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қатардағы, кіші және орта басшы құрамдағы лауазымдарына бірінші рет қабылданатын үміткерлердің алғашқы арнайы оқудан өту ережесін бекіту туралы» № 187 Бұйрығы.	28.04.2007ж.
27	ҚР ПМ № 180 Бұйрығы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қатардағы, кіші және орта басшы құрамдағы лауазымдарына бірінші рет қабылданатын	28.04.2007ж.

	үміткерлердің алғашқы арнайы оқудан өту ережесін бекіту туралы»	
28	«Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығы	19.01.2009ж.
29	ҚР ПМ №565 «ҚР ішкі істер министрлігінің штабы туралы ережені бекіту туралы» Бұйрығы.	27.10. 2011ж.
30	ҚР ПМ № 439 «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығы.	17.07.2014ж.
31	ҚР ПМ № 245 «ҚР ПО заңдылықты нығайту бойынша шаралар туралы» Бұйрығы.	03.05.2000ж.
32	ҚР ПМ № 633 «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға ішкі істер органдарымен әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру және орнату тәртібі туралы Ережені бекіту туралы» Бұйрығы	24.10.2004ж.
33	ҚР бас прокуратурасының № 78 «Әкімшілік істер бойыншасот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалау туралы» нұсқауды бекіту туралы Бұйрығы.	27.12.2002ж.
34	ҚР ПМ № 641 «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі шараларға азаматтарды тарту түрлері, нысандары және тәртібі туралы Ережені бекіту туралы» Бұйрығы.	27.11.2004ж.
35	«Әкімшілік қадағалауда тұрған тұлғаларды еспеке алу ережесін бекіті туралы» № 97 Бұйрығы.	ҚР ПМ 11.02. 2005ж.
36	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Төрағасының өкімімен бекітілген №115 « сот тәжірибесінде әкімшілік істерді қарауды қорыту жүргізу және ұйымдастыру бойынша әдістемелік	20.06.2005ж.

	ұсыныс».	
2. Негізгі әдебиеттер:		
37	Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі. Сызбалар альбомы (негізгі бөлім) Е.Т.Әбеуов, Е.Т.Қалықов, Ә.Т.Нұрмахамбетов, Е.Ж.Тоқтабеков	Альбом – схем. Оқу құралы Қарағанды, 2015-186
38	Филин В.В. Административные правонарушения, посягающие на права личности. Комментарий. КА МВД РК им.Б.Бейсенова	Қарағанда, 2015г.
39	Решение оперативно-тактической задачи по привлечению к ответственности юридических лиц. Учебное пособие. Балтабаев С.А.	КА МВД РК им. Б.Бейсенова, 2015 г.
40	Практикумды әзірлеу бойынша әдістемелік ұсыныстар. Е.Т.Әбеуов., Б.Н.Талиев.,Е.Т.Қалықов., Ә.Т.Нұрмахамбетов., Е.Ж.Тоқтабеков.	Оқу-тәжірибелік құрал. Қарағанды, 2015 – 22.
41	Глоссарий по административно-правовым дисциплинам. Е.Т.Әбеуов, Е.Е.Серимов., Е.Ж.Тоқтабеков.	Учебно-методическое пособие. Қарағанда, 2014 – 52с.
42	Комментарий к отдельным статьям нового Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях (подведомственных ОВД): Научно-практическое пособие / Абеуов Е.Т., Абылкасымова А.Ш., Амангельдиев Д.А. и др. Под общ. ред. к.ю.н., генерал-майора полиции Кенжетева Д.Т.	Қарағанда: КА МВД РК им. Б.Бейсенова, 2014г.
43	Қызылов М.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Оқу құралы.	Астана-2009. 504 бет.
44	Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі (Жалпы бөлім): Оқу құралы. Қызылов М.А	ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2009ж.
45	Административная деятельность органов внутренних дел. Общая часть. Учебник. Под ред. В.Н. Лапшина, М.А. Кызылова.	Қарағанда 2012 г.
46	Полицияның патрульдік-бекеттік қызметі. Оқу құралы. Е.Т. Әбеуов. Е.Т. Қалықов.	Қарағанды 2012ж.

47	Кенжетаев Д. Т., Жалбуров Е.Т., Лапшин В.Н., Кызылов М.А. Образцы административно-процессуальных документов. / Под ред. Вице-министра ВД РК Шпекбаева А.Ж.	КарЮИ МВД РК им. Б.Бейсенова, 2006. – 78 с
48	Әкімшілік – процестік және қызметтік құжаттар үлгісі. Авторлар: Е.Т. Әбеуов., М.А. Қызылов., Е.Т. Қалыков., Ә.Т. Нұрмахамбетов. Қарағанды 2015 ж.	Қарағанды 2015ж.
49	Деятельность ОВД в особых условиях. Учебное пособие. Талиев Б.Н.	Қарағанда 2009г.
50	«Административный надзор ОВД как форма предупреждения правонарушений и преступлений». Научная статья. Сб. науч. тр. Актуальные проблемы права. Материалы научной конференции. Талиев Б.Н.	Қарағанда. КарЮИ МВД РК им.Б.Бейсенова 2008 г.
51	«Законность и дисциплина в деятельности ОВД». Научная статья. Сб. науч. тр. Организация и перспективы деятельности служб административной полиции в борьбе с правонарушениями. Материалы международной научно-практической конференции. Абеуов Е.Т.	Қарағанда, 2006г.
52	Механизм административно-правового регулирования в сфере обеспечения конституционных прав и свобод человека и гражданина в Республике Казахстан: Монография. Какимжанов М.Т.	Москва. Изд. Информ-Право. 2009 г.
53	Законность как основное условие обеспечения прав человека и гражданина в Республике Казахстан. Какимжанов М.Т.	Қарағанда. Философия права. № 6, 2008 г.
54	Критерии законности в деятельности органов внутренних дел в вопросах соблюдения прав и свобод граждан. Научные труды. Какимжанов М.Т.	Российская академия юридических наук. Вып. 8. В 3 т. Т. 3. М., 2008 г.

55	Какимжанов М.Т. Законность в деятельности органов внутренних дел. // «Алдамжаровские чтения»:Международная научно-практическая конференция посвященная 70-летию академика З. Алдамжар.	Костанай, 2007 г.
56	Карпекин А.В., Мишковская В.В. «Законность в административной деятельности ОВД». Научная статья. Материалы международной научно-практической конференции «Перспективы развития национального законодательства Республики Казахстан в свете концепции правовой политики на 2010 – 2020 годы».	Караганда, 2010 г.
57	Образцы административно-процессуальных документов/Под редакцией вице-министра внутренних дел РК, канд. юрид. наук, генерал-майора полиции А.Ж. Шпекбаева. -	Караганда. 2005г.
58	Проблемы обеспечения законности в деятельности ОВД Казахстана: Сборник научных трудов. Отв.ред. Т.Д. Дуабеков.-	Караганда: Изд-во КВШ МВД РК,1994г.
59	Административная деятельность органов внутренних дел: Учебно-методическое пособие. Под ред. И.Б. Кардашовой.-	Москва. ЩИТ-М, 2004 г. Алматы.
60	Административная деятельность органов внутренних дел: Общая и особенная части: Учебное пособие. Под ред. В.Я. Кикотя.	Москва. ЮНИТИ - ДАНА, 2003г.
61	Ахметов Р.И. Основные понятия и термины административного права и административной деятельности органов внутренних дел: Учебное пособие. Р.И.Ахметов Х.Ю., Ибрагимов	Алматы. ДАНЕКЕР 1999г.
62	ҚР әкімшілік құқығы бойынша қазақша-орысша, орысша – қазақша сөздігі. Оқу тәжірибелік құралы. Серімов Е.Е., Қалыков	ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы ҚА. Қарағанды., 2015 ж.

	Е.Т., Түсіпбеков Ә.Б.	
63	Абулгазин С.Б. Административно-правовые отношения в деятельности милиции по охране общественного порядка.	Караганда, 1984. -89с.
64	Административно-деликтное процессуальное право Республики Казахстан. Учебное пособие. / Под общ. научн. ред. проф. В.Г.Татаряна, проф. В.А.Круглова. Изд. 4-е, доп. и измен. – Академия МВД РК им.Баримбека Бейсенова,	Караганда:2014. – 315с.
65	Предупреждение административной деликтности несовершеннолетних: Учеб. пособ. / Б. А. Жетписбаев, О. А. Бектенов.	Алматы:, 2008.-196с.
66	Жетписбаев Б.А. Административная ответственность в РК: Учебное пособие. // Под общей ред. Профессора С.С. Сартаева.	Алматы: Данекер, 2000. –233с.
67	Административные правонарушения, посягающие на общественный порядок и нравственность: Учеб. пособ. / Б.А. Жетписбаев, Т. М.Айкумбаев.	Алматы: Юрид.лит., 2008.
68	Административные процедуры: учеб.пособ./ Ред. Н.В. Спиридонова.	Алматы: Изд-во НИИ ФинП, 2011.-52с.
69	Административно-юрисдикционная деятельность органов внутренних дел. Альбом-схем. Учебное пособие. / В.Н. Лапшин, М.А. Кызылов, В.В.Филин	Караганда, 2000.
70	Мусилимова, К.С. Государственная служба и управление: Учеб. пособ. К. С. Мусилимова.	КАРГУ, 2004.
71	Татарян В.Г., Яблонский И.Э. Правовые основы обеспечения безопасности граждан, общества и государства. Часть 1, справочник.	Караганда, 1996.
72	Татарян В.Г., Яблонский И.Э. Правовые основы обеспечения безопасности граждан, общества и государства. Часть 2, справочник.	Караганда, 1996.
73	Административно-юрисдикционная деятельность органов внутренних дел (милиции). Учебное пособие (практикум). – Под ред. Коренева А.П.	МВД СССР, 1988г.
74	Веремеенко И.И. Механизм	М.,1982г.

	административно-правового регулирования в сфере охраны общественного порядка.	
75	Шергин А.П. Административная юрисдикция.	М., 1986г.
76	Денисов Ю.А. Общая теория правонарушения и ответственности.	ЛГУ, 1983г.
77	Былкилова Г. Административная ответственность.	Тураби, 1998г. № 1.
78	Абаев М. Коррупционные правонарушения и специфика деятельности ОВД РК по борьбе с ней.	Закон и время, 2006г., №6
79	Административно-правовая характеристика понятия и состава коррупционного правонарушения.	Экономика Казахстана, 2007г., № 2
80	Административная деятельность органов внутренних дел: Альбом схем: Учебное пособие. Под ред.В.Е.Помаскина.-2-изд., испр. и доп.	Москва. Изд-во МЮИ РФ, 1998 г.
81	Абдрахманов Р.С. «Правовые основы обеспечения общественного порядка». Лекция.	Карагандинский юридический институт МВД РК им.Б.Бейсенова, 2010 г.
82	Филин В.В. «Управление в области внутренних дел». Лекция.	Карагандинский юридический институт МВД РК им.Б. Бейсенова, 2008г.
83	Организация деятельности правоохранительных органов по обеспечению общественной безопасности. Сб. науч. тр. Социально-экономические и правовые аспекты рыночных реформ: материалы международной научно-практической конференции. Ч. 1 УИЭУиП.	Екатеринбург, 2008 г.
84	Методы обеспечения общественной безопасности. Вестник Академии МВД КР им.генерал-майора милиции Алиева Э.А.: «Соблюдение прав человека в деятельности правоохранительных органов»: Материалы международной научно-практической конференции проведенной при содействии Программы	Академия МВД КР. Бишкек, 2008 г.

	ОБСЕ «По реформе ОВД КР». Вып. 7 (т.2).	
85	Законодательные и нормативные акты об органах внутренних дел Республики Казахстан.	Караганда, 1992г. КВШ МВД РК.
86	Органы внутренних дел Республики Казахстан в механизме государства и проблемы совершенствования их деятельности. Сборник научных трудов.	Караганда: Изд-во КВШ МВД РК, 1995г.
3. Қосымша әдебиеттер:		
87	"Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы	Астана қ., 14.12.2012ж.
88	Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің № 858 Жарлығы.	24.09.2009ж.
89	Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы Қазақстан Республикасы Президентінің № 922 Жарлығы	01.02. 2010ж.
90	Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы № 957	19.03.2010 ж.
91	Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2011 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1468 Қаулысы.	30.12.2010 ж.
92	Н.Назарбаев: Ұлт Жоспары – “100 нақты қадам”	Май 20, 2015
94	Қазақстан Республикасының ақпараттық жүйесі	http://www.zako.kz/ .
95	Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі	http://adilet.zk.kz/rus/search/docs/fulltex .
96	ҚР ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы	http://web.kzi.kz

	Қарағанды академиясының порталы	
97	Қазақстан Республикасы ІІМ ресми сайты	http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd/MVD .

3.8.

Сабақ жоспары

ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№ н/р	Тақырыптардың нөмірі	Тақырыптардың атауы	Кретитер саны	Аудиториялық сағаттар			КӨӨЖ	КӨЖ
				дәрістер	семинарлық сабақтар	Тәжірибелік сабақтар		
1	1	Жалпы бөлім «ПО әкімшілік қызметі» курсының жүйесі, міндеттері және пәні. Ішкі істерді басқару. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік. ПО әкімшілік қызметінің мазмұны, түсінігі және принциптері.	2 (90сағат)	1	1		1	4
2	2	Қазақстан Республикасының ПО ұйымдық құрлымы және құқықтық жағдайы.		1	1	1	2	5
3	3	Қазақстан Республикасының ПО қызметтің ұйымдық және құқықтық негіздері.		1	1	1	1	5
4	4	Жалпы басқару функциясын жүзеге асыратын ПО бөліністерінің ұйымдық құрлымы мен құқықтық жағдайы.		1	1	2 (шығу)	2	4
5	5	Полицияның әкімшілік қызметінің әдістері, нысандары және мазмұны.		1	2	1	2	5

6	6	Полиция қызметкерлері атыс қаруын, арнаулы құралдарды және дене күшін қолданудың құқықтық негізі.		1	1	2	2	5
7	7	ПО әкімшілік қадағалауы.		1	1	2	2	5
8	8	ПО әкімшілік юрисдикциялық қызметін ұйымдастыру.			1	2	1	4
9	9	ПО әкімшілік қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету.			1	1	1	4
10	10	Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша ПО қоғаммен әрекеттесуі.			1		1	4
		Барлығы:		7	11	12	15	45

1-тақырып. «ПО әкімшілік қызметі» курсының жүйесі, міндеттері және пәні. Ішкі істерді басқару. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік. ПО әкімшілік қызметінің мазмұны, түсінігі және принциптері.

Дәріс -1 сағат

Жоспар

1.«Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының пәні, міндеттері және жүйесі.

2. Ішкі істерді басқару және оның мазмұны мен ерекшеліктері.Қоғамдық тәртіптің және қоғамдық қауіпсіздіктің мәні.

Дәріс тезистері

1.«Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының пәні, міндеттері және жүйесі.

Курс пәні.«Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындарында оқытылатын арнайы заңгерлік және тәжірибелік бағыттағы пән болып танылады. Курста мемлекеттің ішкі істерімен басқарудың мазмұны мен ерекшеліктері, ішкі істер саласындағы басқарудың елеулі объектісі — қоғамдық тәртіптің мәні, ішкі істер органдарының қызметінің мазмұны мен қағидалары, міндеттері, ұйымдастырылуы, қызмет бағыттары, субъектілері, ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметінің мазмұны, нысандары және әдістері, осы салада болатын

қоғамдық қатынас және осы қызметті реттейтін әкімшілік құқық нормалары оқытылады.

Курстың пәні (мазмұны) курсанттар бұдан бұрын «ҚР әкімшілік құқық» курсының оқығандығы ескеріліп, енді «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының оның теориялық жақтарын меңгерудің негізге алынып отыр.

Курс міндеттері. «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының негізгі міндеті: курсанттар мемлекеттің ішкі істерін басқарудың мәні мен маңызы, оның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында басқаруды жүзеге асыруда терең білім беру; курсанттар мен курсанттардың ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін реттейтін заңдарын дұрыс білуге үйрету; қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қандай да болмасын мәселелерін дұрыс шешілуін білу және оны қолдануға баулу; курсанттарға ішкі істер органдарының жұмысын, аппараттары мен қызметтерін, әкімшілік қызметтің мазмұнын, нысандары және тәсілдерін әдістерен, сондай-ақ заңдылықты қамтамасыз ету әдістерімен таныстыру; курсанттарды ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің жеке түрлері, бағыттары және жүзеге асыру жолдарымен таныстыру; әкімшілік қызметтің түрлері мен бағыттарын реттейтін құқықтық негіздермен; ішкі істер органдарының қарау құзыретіне жататын әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы әкімшілік-құқықтық күресті ұйымдастыру тактикасымен; күнделікті және ерекше жағдайларда қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастырумен таныстыру.

Курс жүйесі. Курс жүйесінің негізіне ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі саласындағы қалыптасатын қатынастар жүйесі алынған. Бұл қатынастар екі топқа бөлінеді: әкімшілік қызметтің барлық түрлері мен бағыттарына арналған жалпы қатынастар және оның жекелеген түрлері мен бағыттарындағы қатынастар. Осыған байланысты «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» Жалпы және Ерекше бөлімдерге бөлінеді. Курстың әрбір бөлімі тиісті тақырыптарға бөлінген.

Курстың Жалпы бөлімі сегіз тараудан тұрады.

Бірінші тарау курстың кіріспесіне арналған. Кіріспе ішкі істерді басқарудың мәнін, мазмұны мен ерекшеліктерін, және ішкі істер саласындағы өкілетті және атқарушы органдардың құзырына талдау жасалады.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті әлеуметтік-құқықтық категория және басқару объектісі ретінде оқыту елеулі орын алады. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік ұғымдары іс жүзіндегі осындай басқа да ұғымдармен салыстырмалы түрде түсінік беріледі. Қоғамдық тәртіптің мазмұнын ашатын элементтердің сипаттамасы беріледі. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздіктің мағынасы көрсетіледі. «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» ұғымы, оның негізгі ерекшеліктері мен әкімшілік қызметтің қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі және осы қызметтің қағидалары беріледі.

Екінші тарау ішкі істер органдарының құқықтық жағдайы мен ұйымдық құрылымына, міндеттеріне, негізгі функцияларына, жүйесіне, құрылымына және ішкі істер органы қызметінің нысандарына арналған.

Үшінші тарауда ішкі істер органдарындағы мемлекеттік қызметтің ұйымдық-құқықтық негізгі, осы қызметті атқару тәртібі қарастырылады.

Төртінші тарауда ішкі істер органдарының арнаулы басқару аппараттарының (штабтық аппарат, кезекші бөлім) жағдайы және ұйымдық құрылымы оқылады.

Бесінші және алтыншы тарау материалдық-техникалық және ішкі істерді әскери жабдықтау, шаруашылық және қаржылық қамтамасыз ету, ішкі істер органдарының құрылыс жөніндегі аппараттарының құқықтық жағдайлары мен ұйымдық құрылымын, ішкі істер органдарының (полицияның) құқықтық жағдайы, ұйымдық құрылымы және қызметінің негізгі бағыттарын оқытады білуге арналған.

Алтыншы тарау ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметінің мазмұны, нысандары және әдістерін оқуға арналған. Онда ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметінің мағынасы және осы қызметінің көрініс нысандары ашылады. Ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметінде сендірудің ролі және сендірудің ұйымдық-құқықтық нысандары көрсетілген. Ескерту, болдырмау, әкімшілік құқық бұзушылық істерін қамтамасыз ету, жаза салу сияқты ішкі істер органдарының (полицияның) қолданатын әкімшілік мәжбүрлеу шаралары көрсетіледі және оларды қолдану тәртібі қаралады. Ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру тәртібі мен әкімшілік юрисдикциялық қызметті ұйымдастырылуы қаралады. Тақырыптарды оқу ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметінде негізгі қағида болып саналатын заңдылықты қамтамасыз ету әдістерімен аяқталады.

Жетінші тарау азаматтардың қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысудың нысандары қаралады.

Курстың Ерекше бөлімін төрт тарау құрайды:

1. Ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қызметтері. Бұл тарауда: осы қызметтің мазмұны және негізі, сақшылық қызметі, ішкі істер органдарының (полицияның) ұсталғандарды және қамауға алынғандарды күзету, ұстау, айдап апару қызметтерінің, полицияның учаскелік инспекторларының қоғамдық тәртіпті қорғаудағы функциялары және т.б. қызмет бағыттары оқытылады.

2. Кәмелетке толмағандар құқығына, меншікке қол сұғатын; кәсіпкерлік қызмет, сауда және қаржы саласындағы; қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы; карантиндік ережелер және ветеринариялық қадағалау саласындағы; қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық; қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қарсы қол сұғатын; басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғатын; Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасы режимінің белгіленген тәртібіне және Қазақстан Республикасының саласында болу тәртібіне қол сұғатын; көлікте, жол шаруашылығындағы және басқа да

әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы күресті ұйымдастыру тактикасы және кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын ескерту мен жолын кесу, сонымен бірге полицияның табиғатты қорғау қызметі қарастырылады.

3. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің желілік-салалық түрлері. Бұл тарауда: ішкі істер органдарының лицензия-рұқсат беру жүйесі, көші-қон қызметін жүзеге асыру, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ азаматтардың Қазақстан Республикасында болу ережелерін қамтамасыз ету, көліктегі ішкі істер органдары, жол полициясы қызметі, мамандандырылған мемлекеттік күзет қызметі мәселелерін оқу қарастырылған.

4. Ерекше жағдайда қоғамдық тәртіпті қорғау. Бұл тарауда бұқаралық шараларды өткізу, төтенше жағдай, дүлей апат жұқпалы аурулар мен міндеттер кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғау, топтасып қоғамдық тәртіпті бұзу және жаппай тәртіпсіздікті ескерту және жолын кесудегі ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі, діни мерекелер кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету оқытылады.

Курстің Жалпы және Ерекше бөлімінің жүйесі «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының оқытудың бағдарламасына сәйкес құрылды.

2. Ішкі істерді басқару және оның мазмұны мен ерекшеліктері. Қоғамдық тәртіптің және қоғамдық қауіпсіздіктің мәні.

«Ішкі істер» терминімен мемлекет қызметінің бір саласы белгіленеді. Мемлекеттің ішкі істер саласы көп түрлі болып келеді. Ол өз алдына қоғамдық қатынастардың күрделі топтарын қамтиды, олар жеке азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, қоғамға және мемлекетке және басқа да құқыққа қол сұғудан қорғау; қылмыстық және басқа да құқық бұзушылықта ескерту, табу, жолын кесу; жедел іздестіру қызметін, анықтама және тергеуді жүргізу; жол және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету; лицензия-рұқсат беру мен төлқұжат қызметтерін жүзеге асыру; Қазақстан Республикасында шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ азаматтардың болу ережелерін сақтауды қамтамасыз ету және тағы басқалар.

Аталған қоғамдық қатынас топтары қаралып отырған аумақтық бір бөлігі болып саналады. Осы топтардың бірлесуі мемлекеттің ішкі істер саласының көп түсінігін береді.

Аталған қоғамдық қатынастардың объективті түрдегі байланыстылығы, мемлекеттің ішкі істер саласындағы басқарудың жеке объектісі ретінде қаралады, сонымен қатар қоғамдық қатынас басқару жүйесі түрінде болады. Ішкі істерді басқару сонымен бірге басқа да аумақта және салаларда басқару сияқты өз алдына мақсатты пен бағытты ұйымдық қызмет болып саналады.

Ішкі істер саласында басқару субъектісі белгіленген өкілеттілігі бар мемлекеттік органдар, оның лауазымды қызметкерлері, ішкі істер саласында функцияларын жүзеге асыратын қоғамдық ұйымдар мен мекемелер, арнаулы құқықтарды иеленген өкілетті өкілдер, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтар болып табылады.

Ішкі істер саласында басқару объектісі болып азаматтар, топтар, азаматтар ұжымы, мемлекеттік органдар, олардың қызметкерлері, қоғамдық ұйымдар мен оның өкілдері саналады.

Субъекті мен объектінің арасындағы тура және жанама байланыстар бір жағынан, басқару субъектісінің биліктік сипаттамасы бар және орындауға міндетті әмірлерінің (бұйрықтары т. б.) шығуымен, ал екінші жағынан басқару объектісінің басқару субъектісінен келген әмірлердің орындалуы немесе орындалуының жағдайы туралы ақпараттармен көрінеді.

Ішкі істер саласында басқарудың мазмұнын, басқарудың міндеттері мен функцияларын, мақсаттарын белгіленген нысандарда және сәйкестірілген әдістерде іске асыру қызметін құрайды.

Ішкі істер саласында басқарудың негізгі мақсаты — елімізде құқықтық тәртіпті және заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету. Бұл мақсат қоғамдық тәртіпті қорғау және қылмыстылықпен күресу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, меншіктің барлық түрін қорғауда, басқаруда нақтыланады.

Ішкі істерді басқару әлеуметтік басқарудың бір түрі ретінде бірқатар функцияларға бөлінеді, олай деп басқарудың міндеттерін орындаудағы жекелеген бағыттарындағы қызметтерін айтамыз. Осыған байланысты басқару функциялары жалпы, арнаулы (негізгі) және қамтамасыз етуші болып бөлінеді.

Қоғамдық тәртіптің мәні және элементтері. Қоғамдық тәртіптің мәнін қажетті, тұрақтылықты, ішкі заңдылық байланыстары, қоғамдық тәртіпке тән, олардың элементтерінің бір жақты қалыптасуынан тұрады. Қоғамдық тәртіптің мәні оның мазмұнымен, элементтердің жүйесімен, қоғамдық тәртіптің қасиеттерімен және функцияларымен түсіндіріледі.

Қоғамдық қауіпсіздік. Қоғамдық тәртіп өмір саласының бір түрімен тығыз байланысты, ол қоғамдық қауіпсіздік, оны қамтамасыз етуге мемлекет органдары, оның ішінде ерекше орын ішкі істер органдарына (полицияға) берілген. Қоғамдық қауіпсіздік ұғымы «ҚР Ұлттық Қауіпсіздік туралы» ҚР 1998 жылғы 26-маусымдағы Заңның 1-бабында берілген, ол «Қазақстан азаматтарының өмірінің, денсаулығы және игілігінің, сондай-ақ Қазақстан қоғамның құндылықтарының оларға залал келтіре алатын ықтимал қауіптер мен қатерден саяси-құқықтық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік қорғалуы» деп берілген. Осыған байланысты қоғамдық қауіпсіздік саласына адамдардың өмірі және денсаулығы мен мүліктеріне келтірілетін зиянды азайту және жоюға байланысты қоғамдық қатынастар жатады. Ол адамдардың мынадай ережелерді сақтаумен байланысты, оларға: көлік және жолда жүрушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; қоғамдық орындарда құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізудің ережелерін; өрт қауіпсіздігі ережелері; табиғи нәубеттер, жұқпалы аурулар мен індеттермен күрес жүргізу ережелері рұқсат беру жүйесі ережелері т.б. жатады.

Әдебиеттер:1, 3, 4, 14, 22.

Семинарлық – 1 сағат (сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

1. «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының пәні, міндеттері және жүйесі.
2. Ішкі істерді басқарудың мазмұны және ерекшеліктері. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік түсінігі және негізгі элементтері

КООЖ – 1 сағат

Жоспар:

1. Қоғамдық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп және жеке бастың қауіпсіздігі ПО қызметінде әкімшілік-құқықтық қорғаудың объектісі ретінде.
2. ПО әкімшілік қызметінің түрлері, ПО әкімшілік қызметті жүзеге асырудың ерекшелігі және оның ПО басқа қызмет түрлерінен айырмашылығы. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің принциптері.

КӨЖ-4 сағат

1. Осы тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді оқу.
2. Қосымша әдебиеттермен танысу.
3. ҚР 2011 жылғы 06 қаңтардағы «Құқық қорғау қызметі туралы» заңының жалпы ережесі, конспект жазу.
4. ҚР 2014 жылғы 23 сәуірдегі «Ішкі істер органдары туралы» заңының жалпы ережесі, конспект жазу.
5. КӨЖ конспектілерін және алдағы семинарлық сабақтың сұрақтарына қысқаша жауап конспектілерін дайындау.
Өзін өзі бақылау сұрақтары:
 1. «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» курсының пәні және оның міндеттері.
 2. Құқық қорғау органдарының түрлері.
 3. Ішкі істер саласындағы негізгі басқару субъектілерінің сипаттамасы.
 4. ПО әкімшілік қызметінің процессінде реттелетін, әкімшілік-құқықтық қатынастардың түрлері.
 5. Әкімшілік қызметті жүзеге асырушы ПО негізгі қызметтері мен бөліністері.
 6. ПО әкімшілік қызметінің нысандары.
 7. ПО әкімшілік қызметінің процессінде жүзеге асырылатын функциялардың түрлері.
6. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

Әдебиеттер: 1, 3, 4, 14, 22, 26, 27, 28, 29, 32, 37, 43, 45, 51, 52, 54, 56, 58,69,86,87,88,91, 92.

2-тақырып. Қазақстан Республикасының ПО ұйымдық құрлымы және құқықтық жағдайы.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. ҚР ПО-ң құқықтық жағдайы, жүйесі және құрылымы.
2. ҚР ПО-ң міндеттері,құзыреті және өкілеттіктері.

Дәріс тезистері

1. ҚР ПО-ң құқықтық жағдайы, жүйесі және құрылымы.

Ішкі істер органдары жүйесі. Ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесін полиция, қылмыстық-атқару жүйесі, әскери-тергеу органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы, азаматтық қорғау органдары құрайды.

Полицияны криминалдық полиция, әкімшілік полициясы, тергеу, анықтау бөлімшелері және өзге де бөлімшелер құрайды.

Криминалдық полиция ұйымдасқан қылмысқа, экстремизмге, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі бөлімшелерден, жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады.

Әкімшілік полиция жергілікті полиция қызметінен, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау бөлімшелерінен, көші-қон полициясынан, уақытша ұстау изоляторларынан, айдауыл қызметі бөлімшелерінен және қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады.

ЖПҚ учаскелік полиция инспекторлары бөлімшелерінен, кәмелетке толмағандар істері, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерден, жол-патрульдік полициясынан, табиғатты қорғау полициясынан, қабылдау-бөлу орындарынан және арнаулы қабылдау орындарынан тұрады және ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді.

Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінен (бұдан әрі – Ішкі істер министрлігі), ведомстволардан, аумақтық органдардан, сондай-ақ Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдардан тұрады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, көліктегі ішкі істер департаменттері, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, желілік ішкі істер органдары, әскери-тергеу органдары аумақтық

органдар болып табылады.

Қылмыстық-атқару жүйесін ведомство, оның аумақтық органдары және жазаларды орындайтын мекемелер, өзге де ведомстволық бағынысты ұйымдар құрайды.

Ұлттық ұланның құрамы мен оның қызметінің ұйымдастырылуы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Азаматтық қорғау органдарының құрамы және оның қызметін ұйымдастыру «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады.

Ішкі істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерін, ведомстволарды, аумақтық органдарды және Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдарды құруды, қайта ұйымдастыруды және таратуды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі (бұдан әрі – Ішкі істер министрі) жүзеге асырады.

2. ҚР ІІО-ның міндеттері, құзыреті және өкілеттіктері.

Қазақстан халқына қызмет етуге тиісті ішкі істер органдары қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

- құқық бұзушылықтар профилактикасы;
- қоғамдық тәртіпті сақтау;
- қылмыстылықпен күрес;
- қылмыстық жазаларды және әкімшілік жазалауды орындау;
- төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтық қорғанысты ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен ішкі істер органдарына өзге де міндеттер жүктеледі.

Ішкі істер органдарының құзыреті ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздеріне жүктелген міндеттер шегінде:

құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға, зерделеуге, жоюға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады; қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады; жол жүрісіне және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады; азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; күзет қызметі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; мемлекеттік күзетілуге жататын жеке тұлғалар мен объектілерді күзетуді жүзеге асырады; террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін бақылайды; азаматтық, халықтың көші-қоны және босқындар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады; жеке басты куәландыратын құжаттарды дайындауды, сондай-ақ Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық

тізілімін жүргізуді жүзеге асырады; лицензия және рұқсат беру қызметін жүзеге асырады; әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады; қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуды және тексеруді жүзеге асырады; жедел-іздігіру қызметін және жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асырады; зерттеулерді жүзеге асырады; іздестіруді жүзеге асырады; есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылды жүзеге асырады; қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғауды жүзеге асырады; қылмыстық-атқару қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады, адамдарды ішкі істер органдарының арнаулы мекемелерінде ұстауды жүзеге асырады; мемлекеттік қызметтер көрсетеді; халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады; азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ішкі істер органдарының өкілеттіктері Ішкі істер органдары өзінің құзыреті шегінде: адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға; оқиға туралы, жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы өтініштерді немесе хабарламаларды қабылдауға, тіркеуге және қарауға, заңнамада белгіленген тәртіппен өтініш берушіге қабылданған шешім туралы хабар беруге; құқыққа қарсы қолсұғушылықтан, оқиғалардан және жазатайым жағдайлардан зардап шеккен, сондай-ақ өздерінің өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті дәрменсіз не өзге де күйдегі жеке тұлғаларға көмек көрсетуге; құқық бұзушылық профилактикасының жалпы, арнаулы және жеке шараларын жүзеге асыруға; патрульдеуді жүзеге асыруға; жол жүрісі қағидаларының және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жататын өзге де нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, жол жүрісін реттеуге; жүргізуші куәліктерін беруді, көлік құралдарын сәйкестендіру нөмірі бойынша мемлекеттік тіркеуді және оларды есепке алуды жүзеге асыруға; әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауға және жолын кесуге, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға; қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтын масаң күйде жүрген адамдарды медициналық ұйымдарға немесе ішкі істер органдарына жеткізуге; сот шешімімен тағайындалған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан жалтарып жүрген адамдарды іздеуді жүзеге асыруға, оларды ұстауға және арнаулы медициналық мекемелерге жеткізуге; үш жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған қадағалаусыз қалған балаларды, сондай-ақ ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған балаларды бейімдеу орталықтарына жеткізуге; көпшілік іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіп сақтауды қамтамасыз етуге; жаппай тәртіпсіздіктің, топтасып бағынбаушылықтың жолын кесуге; төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өрт қауіпсіздігі және

азаматтық қорғаныс, төтенше немесе соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға; күзет қызметімен, күзет дабылы құралдарын монтаждаумен, баптаумен және оларға техникалық қызмет көрсетумен айналысатын субъектілерге және жекеше күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын қызметкерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға; мемлекеттік күзетілуге жататын жеке тұлғалар мен объектілерді күзетуді жүзеге асыруға; мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерде өткізу режимін қамтамасыз ету кезінде адамдарды, олардың заттарын, көлік құралдарын тексеріп қарауды жүргізуге.

Әдебиеттер: 1, 3, 4, 14, 22, 26, 27, 28, 29.

Жоспар

Семинарлық – 1 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

1. ҚР ПО-ң қызметінің құқықтық жағдайы, жүйесі және құрылымы.
2. ҚР ПО-ң негізгі міндеттері, құзыреті және өкілеттіктері. ПО құқық қорғау жүйесінде алатын орны мен рөлі.

Тәжірибелік – 1 сағат.(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

Бақылау сұрақтары:

1. Ішкі істер органдарының қызметінің құқықтық негізі.
2. Жергілікті және орталық ПО-ң құқықтық мәртебесінің айырмашылығын анықтаңыз.

1 Есеп.

ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының күндізгі оқыту факультетінің 3 курс курсанты тәжірибелік сабақта схема түрінде полиция, қылмыстық-атқару жүйесі, әскери-тергеу органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы, Азаматтық қорғау органдары ПО құрлымдық бөлінісіне жатқызды.

Тапсырма:

1. Курсант дұрыс жауап берді ма?
2. Өзіңіздің жауабыңызды ұсыныңыз.

2 Есеп.

Қарағанды облысы ПД кезекші бөліміне, психикалық ауырумен ауыратын адам, көшеде өтіп бара жатқан кісілерге тисіп мазаларын алып жүр деген ақпаратпен аз. И жүгінді. ПД кезекшісі бұл жағдай мен ПО

қызметкерлері айналыспайды және бұл олардың құзіретінде емес деп, жедел медициналық жәрдем шақыртыңыз деген нұсқау берді.

Тапсырма:

1. Жағдайды талдаңыз
2. ПО қызметкерінің әрекеті заңды ма

3 Есеп.

Қарағанды облысының ПД патрульдік полиция полкінің командирі полиция полковнигі А.А. Исекеев, полктің балансында тұрған автокөлік құралдарының техникалық жағдайына қарауды өзінің ауызша бұйрығымен взвод командирі полиция аға лейтенанты Н.У. Жармаханды міндеттеді. Н.У. Жармахан бұл шешімге келіскен жоқ, себебі бұрын А.А. Исекеевтің өзімен бекітілген функционалдық міндетіне сай, оның лауазымдық міндетіне кірмейді.

Тапсырма:

1. Полк командирінің ауызша бұйрығының заңдылығын анықтаңыз.
2. Жармахан Н.У., осы бұйрықты орындауға міндетті ма?
3. Бөлініс бастығымен бекітілген функционалдық міндеттердің және ауызша бұйрықтың заңдылығын анықтаңыз.

КООЖ – 2 сағат

Жоспар

1. Ішкі істер органдары жүйесі және қызметінің ұйымдастырылуы.
2. Ішкі істер органдарының қызметі саласындағы мемлекеттік қреттеу.

КӨЖ - 5 сағат

Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.

1. Курс бойынша негізгі оқу әдебиеттерімен танысып білу.
2. Қосымша әдебиеттермен және тәжірибелік органдардың оң тәжірибесімен танысу.
3. «Қазақстан Республикасының ПО туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» заңдарын (әдебиеттерді қараңыз).
- ҚР 2014 жылғы 23 сәуірдегі «Ішкі істер органдары туралы» заңы бойынша қысқаша конспект жазу.
4. КӨЖ конспектілерін және алдағы семинарлық сабақтың сұрақтарына қысқаша жауап конспектілерін дайындау.
Өзін-өзі бақылау сұрақтары:
ҚР ПМ негізгі міндеттерін атаңыз.
ПО қызметінің құқықтық негіздері.
ПО жүзеге асыратын функциялардың түрлері.
ПО қызметінің қағидалары.

Қоғамдық тәртіпті қорғауды және қылмыстылықпен күресуді ұйымдастыру сұрақтарын өз бетімен шешу бойынша аумақтық ПО негізгі өкілеттілігі.

Ішкі істер органдары жүйесі және қызметінің ұйымдастырылуы.

Ішкі істер органдарының қызметі саласындағы мемлекеттік реттеу.

5. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспекттері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

Әдебиеттер: 1, 3, 4, 14, 22, 26, 27, 28, 29, 32, 37, 43, 45, 51, 52, 54, 56, 58,69,86,87,88,92.

3 тақырып. Қазақстан Республикасының ПО қызметінің ұйымдық және құқықтық негіздері.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. ҚР ішкі істер органдарында қызмет өткеру: өткеру тәртібі, құқықтық негізі және принциптері.
2. ҚР ішкі істер органдарында қызмет өткерудің ерекшелігі.

Дәріс тезистері

1. ҚР ішкі істер органдарында қызмет өткеру: өткеру тәртібі, құқықтық негізі және принциптері.

Ішкі істер органдарын қайта құру кезеңіндегі ең елеулі бағыттар кадрлар тиімділігін арттыру, мамандарды даярлау, оларды қолдану және кадр саясатын жетілдіру болып табылады.

Социологтар, психологтар, басқару теориясы бойынша мамандар адамға қызмет арқалаушы деп қарап қана қоймай, оған біртұтас және қоғамның функциясын атқаратын жеке тұлға ретінде қарауды мезгеп отыр. Қазіргі кезде адамға қоғамдық үрдістің субъектісі мен объектісі ретінде қарау керек, адамның ролі мен әлеуметтік саланың өркендеуіндегі адамның атқаратын ролі ерекше, адамсыз технократиялық негіздегі, экономикалық ойлаудағы әлеуметтік басқарудың дұрыс жетілуі мүмкін емес. Қызметшілермен және кадрлармен жұмыстың маңызы мен ролі осында.

Қызметші қоғамдық қатынастардың күрделі механизмдеріне қызмет етеді және қандайда болмасын әлеуметтік басқару жүйесінің нақты және қажетті элементі болып табылады. Бұл толық мәнінде ішкі істер органдарына да қатысты. Қызметтер мен бөлімдердің тиімді қызмет атқаруы кадрлармен жұмысты ұйымдастыра білуінде. Бағынышты орган мен бөлімшелердің бастығы осы жұмысты ұйымдастырады және жұмыстардың нәтижелі болуына жеке жауап береді. Басшы кадрлар басқару білімін игеріп, адам-

дармен жұмыс істеудің тәжірибесі мен қабілеттілігіне ие болып; кадрлармен жұмысты ұйымдастыра білуі қажет. Егер, бір органда қызметкерлер ұжымы шағын болса, ондағы кадрлармен жұмысты орган басшысы өзі жүргізеді, ал орган қызметкерлері көп құрылымды болса, басқару аппараты құрамында арнаулы кадр аппараты құрылады.

Ішкі істер органдарының кадр аппаратары болып: Қазақстан Республикасы ІІМ тәрбие және кадр жұмысы басқармалары, қала, аудан ішкі істер органдарының тәрбие және кадр жұмысы бөлімдері саналады.

Ішкі істер органдарының кадр аппаратары ішкі істер органының қызмет мазмұнымен айналыспайды, ол тек қана жеке құраммен жұмыс істейді. Осымен ішкі істер органы ұйымдастыру құрылымы жүйесінде кадр аппаратының орны анықталады. Бұл басшының қол астындағы көмекші органы. Егер кадр аппараты қандайда бір бір мәселелерді шешетін болса (жеке куәлік және анықтама беру т. б.) ол ереже бойынша басшының рұқсат берген өкілеттілік шеңберінде ғана болады.

Кадр аппараттарына ішкі істер органдары жүйесінде, мемлекеттің кадр саясаты талаптарын жүзеге асыру мақсатында, құқықтық тәртіпті нығайту мен қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан және әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғау қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.

Қызметті өткеру деп, ішкі істер органдарының қызметтерінің қызметтік-құқықтық жағдайын өзгертуге келтіретін заңдылық фактілердің жиынтығын түсінеміз. Оның қатарына: кадрлар қатарына кіргізу, лауазымға тағайындау, қызмет бабында ауыстыру және жоғарлату, арнаулы атақты беру, қызметтік аттестациялау және ішкі істер органдарындағы қызметтен босату жатады.

2. ҚР ішкі істер органдарында қызмет өткерудің ерекшелігі.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың жекелеген санаттарының қызмет өткеру ерекшеліктері. Ішкі істер органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ішкі істер органдарының кадрларында қалдырыла отырып, мемлекеттік органдарға қызметке жіберіле алады. Іссапарға жіберілген ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары орнын баса алатын республиканың мемлекеттік, өкілетті және атқарушы органдарындағы лауазымдардың тізбесін, іссапарға жіберу тәртібін, көрсетілген санаттағы адамдардың қызмет өткеру ерекшеліктерін, оларға арнаулы атақтар беруді, оларды аттестациялауды, қызметтен босатуды, еңбекақы төлеу шарттарын, киім-кешекпен және басқа үлес түрлерімен қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қажет болған жағдайларда олардың жасына қарамастан, бірақ 50 жастан аспаған, бұрын ішкі істер органдарының кадрында болмаған мемлекеттік, өкілетті және атқарушы органдардың, прокуратураның, әділет органдарының мамандарын, жоғары оқу

орындарының ғылыми қызметкерлері мен оқытушыларын Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы лауазымдарына тағайындау үшін жібере алады, бұл ретте олардың еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме төлеу мен зейнетақы тағайындау үшін мамандығы бойынша бұрынғы жұмыс стажы, соның ішінде аспирантура мен докторантурада оқыған уақыты белгіленген тәртіпте ішкі істер органдарындағы қызмет стажына есептеледі. Бұл адамдарға арнаулы атақтар Ережемен көзделген тәртіпте беріледі.

Қазақстан Республикасының депутаттары болып сайланған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар ішкі істер органдары қызметінен босатылады. Олар өздерінің депутаттық өкілеттіктері аяқталғаннан кейін, белгіленген тәртіпте ішкі істер органдарына қайта қабылдануы мүмкін. Бұл ретте олардың депутаттық өкілеттіктерін атқарған кезеңі еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме төлеу, кезекті арнаулы атақ беру және зейнетақы тағайындау үшін (ішкі істер органдарынан зейнетақысын ресімдеп, депутат болып сайлануына байланысты босаған адамдардан басқа) ішкі істер органдарындағы қызмет стажына есептеледі.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері Ішкі істер министрінің бұйрығымен, ішкі істер органдары жеке құрамының тізімдерінен шығарыла отырып, одан әрі қызмет атқару үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарына, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, салық полициясы органдарына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің осындай құрылымдары мен құқық қорғау органдарына (халықаралық шарттардың негізінде) қызметке жіберілуі мүмкін. Қызметке жіберу ішкі істер органы қызметкерінің рапорты бойынша тиісті мемлекеттік органдардың келісімімен жеке түрде жүргізіледі.

Жоғарыда аталған ведомстволардың қызметкерлері ішкі істер органдарына қызметке ауысып, қатардағы және басшы құрамының тиісті лауазымдарына тағайындалған соң, олардың әскери және арнаулы атақтары Ішкі істер министрлігінің арнаулы атақтарына теңестіріледі, әскери қызметіндегі немесе еңбек қызметіндегі үзіліске қарамастан оларға әскери және арнаулы атақтар беру, ескерілген лауазымдарда қызмет істеген уақыттары есепке алына отырып, ішкі істер органдарында еңбек сіңірген жылдарына саналады.

Әдебиеттер: 1, 3, 4, 14, 22, 26, 27, 28, 43, 45, 51, 52, 54, 56,

Семинарлық – 1 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

1. Ішкі істер органдарының қызметтік тәртіп.
2. Ішкі істер органдарының кадр аппараттар жүйесі және осы аппараттардың функциялары.

3. Ішкі істер органдарында қызмет өткерудің тәртібі мен ерекшеліктері.

Тәжірибелік – 1 сағат.(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

Бақылау сұрақтары:

1. ҚР ішкі істер органдарында қабылданатын адамдарға қойылатын талаптар.
2. ПО кадрларын жасақтау әдістері мен нысандары.
3. Кадрларды кәсіби дайындаудың жүйесі.

1 Есеп.

Белгілеңіздер, қандай әрекеттер ішкі істер органдарынан қызметтен босатуға негіз болып табылады:

- денсаулық жағдайына қарай - әскери қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы жөнінде әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (қаулысы) негізінде;
- штаттың қысқаруына немесе ішкі істер органдарының қайта құрылуына байланысты басқа қызметте пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда;
- еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты одан әрі қызмет өткеруден бас тартқан жағдайда;
- белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттік органдарға (ұйымдарға) жұмысқа ауысуына байланысты;
- сынақ мерзімінің ішінде қызметке жарамсыздығы анықталған жағдайда;
- әскери-қызметтік тәртіпті өрескел бұзғаны үшін;
- аттестацияның қорытындысы бойынша қызметке сай келмеуіне орай;
- ішкі істер органдарының қызметкері деген атаққа кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін;
- әкімшілік құқық бұзушылық жасағанда;
- басқа мекен-жайға көшуіне байланысты;
- қызметкерге қатысты қылмыстық іс қозғалғанда;

2 Есеп.

Бағам бастығы 1 бағам курсанты полиция старшинасы Сарсековқа отбасы-тұрмыстық ұрыс үшін сөгіс жариялады. Старшина Сарсеков берілген сөгіспен келіспей білім беру мекемесінің басшысының сап дайындағы жөнінен орынбасарына шағымданды, ал ол старшинаның кінәсі

дәлелденбеген, берілген сөгіс тым қатаң деп санап ескерту жариялаумен шектелді.

Тапсырма:

1. Білім беру мекемесінің бағам басшысы өзінің бағынысындағыларды отбасы-тұрмыстық бұзушылық үшін жазалай алады ма?

2. ПМ жоғары оқу орындарының курсанттарына қандай тәртіптік жазалар қолданылады және оларды салу тәртібі?

3 Есеп.

2015 жылда істелген жұмыстардың қорытындысы бойынша жедел жиналыс өткізу барысында ПД бастығы Н. Абай АІБ аумағында өткен жылы адам өлтіру фактілері көбейіп олардың жартысы ашылмағаны үшін АІБ бастығын полиция полковнигі Т. ІО шығару туралы ПД бастығы сол күні бұйрық шығарды. Қабылданған шешіммен келіспеген Абай АІБ бастығы ПМ атына баянатпен жүгінді.

Тапсырма:

1. Жағдайды талдаңыз

2. ПД бастығының әрекеті заңды ма?

3. ІО заңсыз шығарылған қызметкерлердің қайтадан орналасу тәртібі қандай?

4 Есеп.

Конекулярлық демалыс уақытында, жаңа семестрге дайындық алдында факультет бастығы оқу журналдарын тексерді. Тексеру барысында топ командирі Саденов бірқатар курсанттардың заңсыз сабақта жоқ болғанын жасырғаны анықталды. Факультет бастығы Саденовты коникулярлық демалыстан келгенін күтпей оған қатан сөгіс жариялады.

Тапсырма:

1. Жағдайды талдаңыз.

2. Факультет бастығының әрекеті заңды ма?

5 Есеп.

Өткен жылдың нәтижесі бойынша жиналысқа полицияның басшылық және қатардағы құрамы, тергеушілер, көші-қон полициясының жұмыскерлері, МКҚБ әскерленген және техникалық бөліністерінің күзет қызметкерлері, сонымен қатар қаржы, шаруа бөлімінің және хатшылықтың аттестацияланбаған жұмыскерлері шақыртылды.

Тапсырма:

1. Аталған жұмыскерлердің барлығы ішкі істер кадрларына жата ма?

6 Есеп.

Азамат Әлібеков бірінші рет ІО қызметке тұрып, тиісті лауазымға тағылымдамашы болып тағайындалды. 2,5 айдан кейін жұмысында жақсы көрсеткіштері үшін, ПД бастығының бұйрығымен оған арнайы атақ беріліп лауазымға тағайындалды.

Тапсырма:

1. Жағдайды талдаңыз.
2. ПД бастығының бұйрығы заңды ма?

7 Есеп.

Михайлов ПБ криминалдық полиция қызметкері Ариповты жұмысында нашар көрсеткіштері үшін ПБ бастығы аттестация дайындады. Аттестациялық комиссия аттестациялау кезінде Арипов алты айдың ішінде кемшіліктерді жою керек деп шешім қабылдады. Арипов ПО 11 ай және 12 күн жұмыс істейді.

Тапсырма:

1. Жағдайды талдаңыз.
2. Осы қызметкерге аттестация жүргізу заңды ма?
3. Шешім қабылдауда ПБ бастығы әрекеті заңды ма?
4. Осы мәселе қандай тәртіпте шешілу керек?

КОӨЖ – 1 сағат

Жоспар

1. ҚР ішкі істер органдарындағы арнайы атақтар және оларды беру тәртібі.
2. ҚР ішкі істер органдарының қызметкерлерінің әлеуметтік және құқықтық қорғау шаралары.

КӨЖ – 5 сағат

Курсант өзіндік жұмыс барысында орындау керек.

1. Осы тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді оқу.
2. Қосымша әдебиеттермен және тәжірибелік органдардың оң тәжірибесімен танысу.
3. 2011 жылғы 06 қаңтардағы ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» заңының 2-7, 9-11 тарауларын конспектілеу.
4. «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 Бұйрығы, қысқаша конспект жазу.
5. КӨЖ конспектілерін және алдағы семинарлық сабақтың сұрақтарына қысқаша жауап конспектілерін дайындау.
Өзін өзі бақылау сұрақтары:
 1. Ішкі істер органдарындағы тәртіп (түсінігі, маңызы және нығайту тәсілдері).
 2. ҚР ПМ қызмет өткеру тәртібін реттеуші негізгі НҚА атаңыз.
 3. ҚР ПМ қызмет өткеру принциптері.
 4. ПО қызметкерінен мемлекеттік қызметкердің құқықтық мәртебесінің айырмашылығы неде?
 5. ПО кадрларының түсінігі.
 6. ПО қызметіне үміткерлерге қойылатын талаптар.
 7. ПО арнайы атақтар, оларды беру тәртібі.

б. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

Әдебиеттер: 1, 3, 4, 14, 22, 26, 27, 28, 32, 37, 43, 45, 51, 52, 54, 56, 58,69,86,87,88,91, 92.

4-тақырып. Жалпы басқару функциясын жүзеге асыратын ПО бөліністерінің ұйымдық құрлымы мен құқықтық жағдайы.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. Ішкі істер органдарының штабтық бөліністерінің құқықтық жағдайы, функциялары және міндеттері.
2. ПО жедел басқару орталықтарының және кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру.

Дәріс тезистері

1. Ішкі істер органдарының штабтық бөліністерінің құқықтық жағдайы, функциялары және міндеттері.

Ішкі істер органдары жүйесінде жалпы басқару функциясын арнаулы аппараттар (қызметтер) штабтар атқарады. Ішкі істер органдарының қызметтері мен бөлімшелерінің жүйесінде орны және осы аппараттардың қызмет ерекшеліктері өкілеттілікпен (құқықтық статусымен), штабқа жүктелген міндеттер мен функциялар және олардың міндеттері мен құқықтары көлемімен сипатталынатын жиынтығымен анықталады.

Штаб Қазақстан Республикасы Ішкі істер министріне бағынышты Штабтардың өкілеттілігі Қазақстан Республикасы ІІМ белгілеген тәртіппен бекіткен ережемен анықталады.

Штаб өз жұмысында Қазақстан Республикасы Конституциясын, қазіргі кезде күші бар Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелер және ІІМ нормативтік актілерін басшылыққа алады.

Штабтың негізгі міндеттері.Ішкі істер органдарының штабтарының құқықтық статусына сәйкес мынадай келесі негізгі жалпы басқару міндеттерін орындайды:Республикадағы жедел жағдайды, ішкі істер органдары жұмысының нәтижелерін, криминалдық жағдайдың жетілуіне комплекстік талдау жасау;ІІМ жұмысының келешектегі және ағымды жұмыстарын жоспарлауды ұйымдастыру;Қазақстан Республикасы Президенті, Парламенті мен Үкіметінің актілерінің алқалық және жедел мәжілістер шешімдерін, Министрдің бұйрықтары, үкімдері мен ұйғарымдарын, ІІМ жоспарлары мен бағдарламаларын орталық аппарат қызметтерінің орындалуын бақылау;Ішкі

істер органдарының қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен қылмыспен күрестегі жұмысына аймақтық бақылауды жүзеге асырады; ІІМ салалық қызметтерімен бірлесіп облыстарда, аймақтарда және көлік объектілерінде жедел жағдайдың өзгеруіне байланысты көңіл бөлу шаралар ұсыныстарын өңдеу және олардың орындалуына бақылау жасау; ІІМ облыстардың Бас ІІБ, көліктегі ІІБ, олардың органдары мен бөлімшелерінде ұйымдастырушылық және жедел-қызметтерін тексерулерді ұйымдастырады және өткізеді және басқа да негізгі міндеттерді жұмысының құқықтық жағдайын көрсететін Ережеге байланысты жүргізеді.

Аталған негізгі міндеттер штаб функцияларында жүзеге асырылады. Оларға мыналар жатады: талдау жұмыстарын ұйымдастыру; жоспарлауды ұйымдастыру; орындауды бақылау мен тексеру; жедел жағдайдың өзгеруіне үздіксіз бақылау және көңіл бөлу; әскери жұмылдыру және азаматтық қорғаныс жұмысы; жаппай бұқаралық құралдармен өзара әрекеттесу; құқықтық реттеуді жетілдіру; сыртқы байланыстарды жетілдіру; жұмыстың тиімді нысандары мен әдістерін талдау, енгізу және ішкі істер органдарының штабтарына басшылық жасау.

2. ПО жедел басқару орталықтарының және кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру.

ЖБО-ның, кезекші бөлімдердің жұмысын ұйымдастыру. ЖБО-ның, кезекші бөлімнің жұмысын тәуліктік нарядтардың жұмысын бақылауды жүзеге асыратын бастық ұйымдастырады. ЖБО, кезекші бөлім бастығының көмекшісі — жедел кезекші кезекші ауысымының аға қызметкері болып табылады және оның жұмысы үшін дербес жауап береді.

Ішкі істер органы бойынша тәуліктік нарядқа кезекші ауысымнан басқа мыналар кіреді: жедел тергеу тобы (топтар); қызметтік автокөліктердің жүргізушілері, ал облыстық және көліктегі ІІД-де — ПҚК басқару тобының инспекторы, «102» операторлары, ал ЖБО бар жерлерде — инспектор-навигатор, деректерді талдау банкінің операторы, бейнебақылау операторы.

Кезекші бөлім — бұл ішкі істер органдарының жүйесіндегі жедел басқару құрылымдық бөлімшесі, ол өз алдына қызметтер мен бөлімдердің қоғамдық тәртіпті қорғау мен қылмыстылыққа күрестегі міндеттерін екпінді түрде шешу мақсатында қызметтеріне басшылық пен бақылау жасайды.

Бұл жүйенің ең жоғары бөлігі болып Қазақстан Республикасы ІІМ Жедел жоспарлау-Департаментінің құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Жедел басқару орталығы болып табылады, төменгі бөлігі болып облыстық қала, аудандық, желелік және поселкелік ішкі істер органдарының кезекші бөлімшелері саналады.

Ішкі істер органдарының өз алдына жеке құрылымдық бөлімшесі болғандықтан, оның қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасы ІІМ бекіткен ҚР ІІМ, облыстық, көліктегі, қалалық, аудандық кезекші бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру туралы Ережесі құрайды.

Кезекші бөлімше ПМ, ПД, КПД, Алматы және Астана қалалық ПД штат бөлімдерінің құрамдас бөлігі болып саналады. Олардың ішінде ең елеулі орын қала, аудандық ПО-ның кезекші бөлімшелері алады.

Жоғары тұрған кезекші бөлімшелер басқару қызметін жүзеге асырса, төменгі, яғни, қала, аудан ПО-ның кезекші бөлімшелері нақты түрде қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қылмыстылықпен күресті қамтамасыз етудегі міндеттерді шешуге қатысады.

Кезекші бөлімнің бастығы, ал штатында осы лауазым көзделмеген ішкі істер органдарында, жедел кезекші кезекші нарядтың үлкені болып табылады және оның жұмысы үшін жеке жауап береді.

Ішкі істер органы бойынша тәуліктік нарядқа кезекші ауысымнан басқа жедел тобы (топтар) және қызметтік автокөліктердің жүргізушілері кіреді. Қалалық, аудандық, желілік органы бастығының шешімі бойынша тәуліктік наряд қосымша күштермен және құралдармен күшейтіледі.

Кезекші бөлімнің жұмысын оның бастығы немесе қалалық, аудандық, желілік органы басшыларының бірі ұйымдастырады. Ол:

1) кезекші бөлімнің кадрларын іріктеуді, орналастыруды, оқытуды және тәрбиелеуді қамтамасыз етуге;

2) кезекші бөлім қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін әзірлеуге;

3) кезекші бөлімдердің жұмыстарын, соның ішінде кезекші тәуліктегі қылмысты ашуды ұйымдастыруын талдауға, азаматтардың өтініштері мен хабарламаларын шешу мерзімдерінің сақталуын бақылауға;

4) кезекші нарядтың жұмысына тәулік сайын қорытынды жасауға;

5) кезекші бөлімнің жедел басқару құрамының қызметтеріне тағайындау үшін кандидаттарды іріктеуді жүргізуге және тағайындау, ауыстыру мен орнынан босату үшін қала, аудан желілік органдарының бастығына ұсынуға;

6) кезекші бөлімді штаттық және табельдік тиістілікке сәйкес құжаттамамен, қару-жарақпен, қорғаныс, байланыс құралдарымен оперативтік, компьютерлік және криминалистік техникамен, автокөлікпен басқа да мүлікпен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге;

7) қызметкерлердің құпия, соның ішінде шифрланған байланыс желілері бойынша келіп түсетін (шығатын) құжаттармен жұмыс істеген кезінде құпиялылық режимнің белгіленген талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

Әдебиеттер: 1,2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 12, 15,16,17,30,31,32.

Семинарлық – 1 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

1. Ішкі істер органдарының штаб-департаментінің құқықтық жағдайы, жүйесі және негізгі жалпы басқару міндеттері.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Жедел басқару орталығының тағайындалуы, міндеттері және функциялары.

3. Ішкі істер органдары Жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі.

Тәжірибелік – 2 сағат. (ІД ЖБО шығу).

Бақылау сұрақтары:

1. ҚР ішкі істер органдарының штабтарының штатын және құрылымын кім бекітеді.
2. Штаб аппараттарының аумақтық штабтармен өзара қатынасы.
3. Обылыстың ІД ЖБО-н қызметін ұйымдастыру;
4. Обылыстың ІД ЖБО-н міндеттері және функциялары;

КОӨЖ – 2 сағат

Жоспар

1. ҚР ІО-н кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі ;
2. Кезекші бөлімдердің міндеттері және функциялары;

КӨЖ – 4 сағат

Курсант өзіндік жұмыс барысында орындау керек.

1. Осы тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді оқу.
2. Қосымша әдебиеттермен және тәжірибелік органдардың оң тәжірибесімен танысу.
3. ҚР ІІМ 2014 ж 17 шілдедегі № 439 «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын қысқаша конспектілеу.
4. КӨЖ конспектілерін және алдағы семинарлық сабақтың сұрақтарына қысқаша жауап конспектілерін дайындау.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

4. ІО бойынша кезекшінің жалпы және арнайы құқықтары.
5. ҚР ішкі істер органдарының штабтарының штатын және құрылымын кім бекітеді.
6. Штаб аппараттарының территориялық штабтармен өзара қатынасы.
7. Обылыстың ІД ЖБО-н қызметін ұйымдастыру.
8. Обылыстың ІД ЖБО-н міндеттері және функциялары.
9. ІО-н аумақтық бөлімшелерімен обылыстың ІД ЖБО өзара қатынасының тәртібі.
10. ҚР ІО-н кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі.
11. Кезекші бөлімдердің міндеттері және функциялары.
12. ІО-н ЖБО-ғы және кезекші бөлімдеріндегі техникалық құралдардың және байланыс құралдарының түрлері.
13. ІО-н кезекшісінің түнгі уақыттағы құзыреті.

11. Жеке құрамды дабылмен жинау кезінде ПО-ң кезекшісінің іс әрекеті.

12. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспекттері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

Әдебиеттер: 1,2,3,4,5,6,7,8, 12,15,16,17,30,31,32,45,50,68,70,73,83,85.

5 тақырып. Полицияның әкімшілік қызметінің әдістері, нысандары және мазмұны.

Дәріс-1 сағат

Жоспар

1. Полицияның әкімшілік қызметінің мазмұны, түсінігі.
2. ПО-ң әкімшілік қызметінің нысандары және әдістері.

Дәріс тезистері

1. Полицияның әкімшілік қызметінің мазмұны, түсінігі.

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің мазмұны, оның функцияларын белгілеген нысандар және әдістермен жүзеге асыруы құрайды.

Полиция органдарының әкімшілік қызметі осы қызметтің белгілі бір бағыты деп танылатыны бірқатар функцияларға бөлінеді. Әрбір функция өзінің әрекеттерінің ерекшелігімен, біржақтылығымен және бағыттылығымен сипатталады. Функциялар ең ақырында іс жүзінде қажет етілетін объективтік факторларға сүйенеді. Әрбір функцияның мазмұны әкімшілік қызметтің объектісінің ерекшелігімен анықталады. Функцияның саны мен сипаты сонымен бірге, яғни, мемлекеттің ішкі істер органдарының мақсаттары мен міндеттерінің субъективтік факторларына тәуелді болады. Сонымен бірге көптеген функциялардың мазмұны (құрылымы) қандайда болмасын жағдайда тұрақты болып қалады. Соған байланысты полиция органдарының әкімшілік қызметінің функциялары жалпы, арнаулы (негізгі) және қамтамасыздандыру болып бөлінеді.

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің жалпы функциясына: болжау және жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, есеп жүргізу, бақылау жатады.

Болжау және жоспарлау функциясы. Болжау — қандайда болмасын процестердің өзгерістеріне байланысты алынған мәліметтерді талдау негізіндегі ғылыми жетістіктерге сүйене отырып ғылыми тұрғыдан білу. Ішкі істер органдары полициясының әкімшілік қызметіндегі болжау ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің объектісі болатын белгілі бір процестерді

қоғамдық тәртіп сақтау және басқа да салада қамтамасыз етудің бағыты мен мақсаттарын анықтаудың және мақсатқа жетудің бағдарламасын жасайды.

Ұйымдастыру функциясы әкімшілік қызметтің басқару және басқарылушы жүйесін және осы жүйенің бірқалыпты қамтамасыз етуге белгілі бір құрылымы және оның ішіндегі процестерді реттейді. Ұйымдастыру, әкімшілік қызметті жүзеге асыратын қызметтерді, органдарды бөлімшелерді, топтарды және басқа да субъектілерді құру, қайта құру, жабу, олардың құқықтары мен міндеттерін, қарым-қатынас тәртібін анықтау, кадрлар таңдау мен тағайындау және т. б. жүзеге асырады.

2. ПО-ң әкімшілік қызметінің нысандары және әдістері.

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің функциялары осы қызметті атқаратын субъектілердің нақты әрекеттерімен жүзеге асырылады. Әрекет белгілі нысандарында қызметтің сыртқы көрінісін бейнелейді. Сондықтан, нысан деп, шын мәніндегі субъектілер әрекетінің объективтендірілген көрінісін айтамыз. Әкімшілік қызмет функциялары нысандар көмегімен жүзеге асырылатын болғандықтан оның қандайда болмасын түрлерін қолдану қызмет тиімділігінің белгілі бір деңгейіне жеткізетінін ескеру қажет. Нысандар әкімшілік қызметтің функцияларын мақсатты түрде орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің міндеттері мен функцияларының көп болуына байланысты осы қызметтің құқықтық нормалық нысандары да көп болады. Нысандар ішкі істер органдарының құқықтық мәртебесін реттейтін заңдарда, ережелерде, жарғыларда, нұсқауларда және оның субъектілерінің және әкімшілік қызметті реттейтін басқа да актілерде бекітілген. Сондықтан, әкімшілік қызметтің функцияларын жүзеге асыруға оның субъектілері, тек қана құқықтық нормаларда көрсетілген нысандарды қолдануы қажет. Қажетті нысандарды субъектілердің сақтамаушылық әрекеті жарамсыз саналады және даулы мәселеге әкеп соқтырады.

Сонымен бірге, полиция органдарының әкімшілік қызметінің шығармашылық сипаты, осы қызметтің субъектісіне заңмен белгіленген нысандарды жеке өзі қалауы бойынша таңдау мүмкіндігін береді. Белгіленген нысандарды таңдау нақты тіршілік жағдайларын, тиімділік пен мақсаттылық талаптарын ескере отырып таңдалады.

Нысанның нақты түрі, әкімшілік қызмет субъектілерінің оларға, жүктелген функцияларды жүзеге асырудағы әрекеттің сипатымен белгіленеді. Бір жағдайда бұндай әрекеттер заңдылық зардаптарға әкеп соғады, ал басқа жағдайда заңдылық зардаптарға әкеп соқпайды (мысалы, құқықтық насихат, қоғамдық тәртіпті қорғайтын қоғамдық бірлестіктерді оқытып-үйрету және т. б.) Осыған байланысты ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің нысандары құқықтық және құқықтық емес болып бөлінеді.

Құқықтық нысандар мемлекеттік биліктік, басқарушы-атқарушылық, әкімшілік қызмет субъектілерінің, өкілеттіктерінің заңнан туындайтынды-

лығы сипатталады. Қаралып отырған қызметтің құқықтық нысаны полиция органдарының басқа да қызметтің бағыттарының (жедел-іздестіру, қылмыстық-құқықтық) айырмашылығы ішкі істер органдарының міндеттері мен функциялары қылмыстық және әкімшілік-құқықтық құралдар нысандармен тәжірибелік түрде ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің нысаны мазмұнымен, мақсатты бағыттылығымен, бейнелеу әдісімен жіктеледі.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің нысаны мазмұны жағынан норма шығарушылық және құқық қолданушылық болып бөлінеді. Бірақ, полиция органдарының әкімшілік қызмет субъектілері норма шығарушылықты қолданбайды, ол ішкі істер органдарының өкілеттілігіне жатқызылған. Құқық қолданушылық — полиция органдарының әкімшілік қызметінің негізгі құқықтық нысаны.

Полиция органдарының әкімшілік қызметінің құқық қолданушылығы оның субъектілерінің нақты әрекетімен, нақты мәселелерді және тіршілік жағдайларын шешуде заңдылық мағынасы бар фактіні белгіленген қылмыстық және әкімшілік құқық нормаларының негізінде, яғни, жеке актіні қабылдау мақсатында құқықтық нормаға сәйкестірумен көрінеді.

Құқық қолданушылық қызмет мыналарды қарастырды: норманы қолданушы субъектінің істің мән-жайын анықтауы; белгілі бір жағдайда(норманың заңдылық, күшінің шындығын тексеру, оның уақыт және кеңістіктегі әрекетінің шегін табу) қолданатын белгіленген құқықтық норманы табу,таңдау; норманың мәні мен мазмұнын түсіну; іс бойынша шешім, жеке акт қабылдау; құқықтық норманы қолдану актісін орындау.

Шешілетін істер мен мәселелердің сипатына, құқықтық қасиетіне қарай құқық қолданушылық реттеуші және қорғаушы болып екі нысанға бөлінеді.

Әкімшілік қызметте реттеуші нысаны азаматтардың, мемлекеттік органдардың, кәсіпорын, мекеме, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға және құқықтың басқа да субъектілерінің (каруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш, әсері күшті химиялық, есірткі, психотроптың улы және радиоактивтік материалдар мен заттарды алуға, сақтауға, өзімен алып жүруге және тасымалдауға заңда белгіленген рұқсаттарды (лицензияларды) беру және т. б.) нақты ұйымдастырушылық, басқарушы-өкімді сипаттағы істерді (мысалы, лауазымға тағайындау, ішкі істер органдары қызметкеріне тапсырма беру және т. б.) шешу үшін қолданылады.

Әдебиеттер: 1, 3, 4, 14, 22, 26, 56, 58,69,86,.

Семинарлық – 2 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

1. Полицияның әкімшілік қызметінің мазмұны; түсінігі, мәні және оны жетілдірудің негізгі жолдары.
2. ПО-ң қызметінде қолданылатын әдістердің және тәсілдердің түрлері.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша ішкі істер органдарының қызметкерлері қолданатын мәжбірлеу шаралары.

4. ПО қызметкерлерімен қолданылатын негізгі әдістер.

Тәжірибелік – 1 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

Бақылау сұрақтары:

1. Ішкі істер органдарының қызметкерлері қолданатын көндіру шараларының түрлерін атаңыз.

2. Ішкі істер органдарының лауазымды тұлғаларымен салынатын әкімшілік жазалардың түрлері және олардың сипаты.

1 Есеп.

Қарағанды қ ПБ Михайлов ПБ ПБҚ наряды Т. және Н. полиция бөлімінің кезекші бөліміне мас күйіндегі кәмелеттік жасқа толмаған бес құқық бұзушыларды жеткізді.

Кезекші бөлімде хаттама толтыру кезінде кәмелеттік жасқа толмағадар А. және П. қалтасынан бәкі алап шығып Т. қарсылық көрсетіп оның қолын және бетін жарақаттады. Сол кезде Н. табельдік атыс қаруынан үш рет оқ атып А. және полиция бөліміне куә ретінде шақыртылған Ж өлтірді.

Тапсырма:

1. Жағдайды талдаңыз.

2. Қандай жағдайларда табельдік қаруды қолдануға рұқсат беріледі.

3. Полиция сержанты Н. табельдік қару заңды қолданылдыма.

№ 2 Есеп

Полицияның патрульдік наряды полиция сержанты К. және И. қала паркінің кіре берісінде тәртіпті орнату жайлы азаматтар жүгінді, себебі ол жерде бірнеше жас адамдар спирттік ішімдік ішіп отырған.

Полицияның патрульдік наряды парктің кіре берісіндегі жас адамдарға келіп құқыққа қарсы әрекеттерін тоқтатып және парк аумағынан шығуға көндіріп көрді. Сол кезде жас адамдар олардың талабын орындаудан бас тартқаннан кейін, полиция наряды К. көндіру шарасын қолдануды шешіп жас адамдардың біреуінің арқасынан резина таяғымен ұрып жіберді, ал екінешісін итеріп жіберді, ол тайып жерге құлады, соның салдарынан жеңіл дәрежелі дене жарақатын алды.

Тапсырма:

1. Полицияның патрульдік нарядының әрекетін бағалаңыз.

2. Көндіру шарасын (қол кісенін, резина таяғын) қолданудың тәртібі қандай?

№ 3 Есеп

Учаскелік полиция инспекторы Ж. өзінің әкімшілік учаскесінің аумағын аралап жүріп әкімшілік қадағалауда тұрған Р. екі бейтаныс күдікті азаматтардың жанында көріп, Ж. оларға келіп өзінің кім екенін түсіндіріп жеке бастарын куәландыратын құжаттарын көрсетуді сұрады, үшеуі учаскелік полиция инспекторының өтінішін қанағаттандырып оған құжаттарын көрсетті.

УПИ Ж. құжаттарын тексеріп олармен құқыққа қарсы әрекеттерді жасамау және құқық бұзушылық жасағаны жауаптылықтары туралы алдын алу әңгімесін жүргізіп, олармен алдын алу әңгіме жүргізілді деген құжатқа қол қоюды сұрады. Әкімшілік қадағалауда тұрған Р. қол қойды, ал жанындағы екеуі олар қадағалауда тұрған жоқпыз, ештеңе істеген жоқпыз және басқа ауылдық жерде тұрамыз деп қол қоюдан бас тартты.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жасаңыз.
2. УПИ Ж. әрекетінің заңдылығын анықтаңыз.
3. Көндіру әдісін қолдануға қандай жағдайда рұқсат беріледі?

№ 4 Есеп.

Учаскелік полиция инспекторы К әкімшілік учаскесінде патрульдеп жүріп жоғары жылдамдықта жүріп бара жатқан ұрланған автокөлікті көріп оны жезлдің көмегімен тоқтатып көрді, бірақ жүргізуші оған көңіл бөлмей одан ары жүріп кете берді. Сол кезде УПИ К. табельдік қаруын алып шығып, жүріп кетіп бара жатқан автокөлік жаққа қарай оқ атты. Соның салдарынан атқан оқ жалтарып барып аялдамада тұрған азамат И аяғын жаралады.

Тапсырма:

1. УПИ К әрекетінің заңдылығын анықтаңыз.
2. Бұлтартпау шарасын қолданғаннан кейін, УПИ К. әрекетінің тәртібі қандай?

№ 5 Есеп.

Қарағанды қ ИБ Орталық ИБ ИБК қызметкерлері полиция сержанты А. және И ұсақ бұзақылық жасаған үшін, анық жүктілік белгісімен азаматша Т. ұсталды. Полиция болімінің кезекші бөліміне жеткізу кезінде азаматша Т. полиция нарядына белсенді қарсылық көрсетіп, былапыт сөз айтып, олардың беттерін тырнап ала жаздады. Полиция сержанты И. азаматша Т. қарсы самбо күресінің тәсілін қолданды, соның салдарынан Т қолы сынды, азаматша Т. полиция сержанты И-ды қылмыстылық жауапкершілікке тарту туралы арыз жазды.

Тапсырма:

1. Болған жағдайға заң жүзінде баға беріңіз.

2. Т. қатысты полиция сержанты И. қолданылған самбо күресінің тәсілінің заңдылығын анықтаңыз.

3. Полиция қызметкерлерімен самбо күресінің тәсілдерін қандай жағдайларда қолдануға рұқсат беріледі?

КООЖ – 2 сағат

Жоспар

1. Құқық бұзушылық жасаған адамды ұстау барысында ішкі істер органдарының қызметкерлері қолданатын әкімшілік бұлтартпау шараларының түрлері.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарастыруға және әкімшілік жаза салуға өкілетті ішкі істер органдарының лауазымды тұлғалары кімдер.

КӨЖ – 5 сағат

Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.

1. Осы тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді оқу.

2. Қосымша әдебиеттермен және тәжірибелік органдардың оң тәжірибесімен танысу.

3. Қысқаша конспект жазу:

- ҚР 2009 жылғы 04 желтоқсандағы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңы.

- ҚР 2010 жылғы 23 сәуірдегі «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңы.

4. КӨЖ конспектілерін және алдағы семинарлық сабақтың сұрақтарына қысқаша жауап конспектілерін дайындау.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. Полицияның әкімшілік қызметінің нысандары.

2. Жедел іздестіру және қылмыстық іс жүргізу қызметінен полицияның әкімшілік қызметінің айырмашылығының белгілері.

3. Полицияның әкімшілік қызметінің арнайы (негізгі) функциясының түрлері.

4. Ішкі істер органдарының қызметкерлерімен қолданылатын ескерту шараларының түрлері.

5. Ішкі істер органдарының қызметкерлерімен қолданылатын бұлтартпау шарасының түрлері.

6. Ішкі істер органдарының қызметкерлерімен салынатын әкімшілік жазалардың түрлері.

7. Ішкі істер органдарының қызметкерлерімен қолданылатын, әкімшілік іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының түрлері.

8. ПО қызметінде көндіру: түсінігі, тәсілдері және оны жүзеге асыру нысандары.

5. Сабакқа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

Әдебиеттер: 1, 3, 4, 14, 22, 26, 27, 28, 32, 37, 43, 45, 51, 52, 54, 56, 58,69,86,87,88,91.

6-тақырып.Полиция қызметкерлері атыс қаруын, арнаулы құралдарды және дене күшін қолданудың құқықтық негізі.

Дәріс-1 сағат

Жоспар

1. ПО қызметкерлерімен дене күшін,арнаулы құралдардықолданудың құқықтық негізі.

2. ПО қызметкерлерімен дене күшін, арнаулы құралдарды және атыс қаруын қолданудың құқықтық негіздері.

Дәріс тезистері

1. ПО қызметкерлерімен дене күшін, арнаулы қолданудың құқықтық негізі

Атыс қаруын және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды және дене күшін қолданудың мақсаты. Атыс қаруы және өзге де қару, арнаулы құралдар және дене күші қоғамға қауіпті әрекеттерді тоқтату, құқық бұзушылықтардың сипаты мен нақты ахуалдарды ескере отырып, оларды жасаған адамдарды ұстау және құқық қорғау органдарына жеткізу мақсатында қолданылады.

Арнаулы құралдар мен дене күшін қолдану

1. Қызметкерлердің дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін, сондай-ақ арнаулы құралдарды, оның ішінде қол кісендерін, резина таяқтарды, көзден жас ағызатын заттарды, алаңдатып әсер ететін жарық-дыбыс құрылғыларын, үй-жайларды ашуға, көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құрылғыларды, суатқыштарды, қызметтік жануарларды, броньды машиналар мен тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтынбасқа да арнаулы көлік құралдарын:

1) жеке тұлғаларға, қызметкерлерге және қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметтік немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген өзге де адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

2) кепілге алынған адамдарды босату, жаппай тәртіпсіздіктердің және қоғамдық тәртіпті топтасып бұзудың (қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстаудың белгіленген режимін топтасып бұзушылықтарды), сондай-ақ сотталғандар, күдіктілер және айыпталушылар түзеу мекемелерінен және тергеу изоляторларынан қашқан кездегі немесе

кашқандарды ұстау кезіндегі құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесу;

3) жеке тұлғаларға, ұйымдарға және мемлекеттік органдарға тиесілі үйлерге, үй-жайларға, ғимараттарға, көлік құралдарына, жер телімдеріне жасалған шабуылды тойтару, сол сияқты оларды басып алудан босату;

4) егер құқық бұзушылар (сотталғандар, күдіктілер, айыпталушылар және әкімшілік құқық бұзушылық жасағандар) қызметкерлерге, қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді атқарып жүрген өзге де адамдарға бағынбаса немесе қарсылық көрсетсе, оларды құқық қорғау органдарына жеткізу үшін ұстау үшін, ұсталған, күзет қойылған адамдарды, сондай-ақ әкімшілік қамауға алынған, сотталған, күдікті және айыпталушы адамдарды, не олардың қашып кетуі немесе айналадағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін деп санауға жеткілікті негіздемелер болса, сондай-ақ қызметкерлердің өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді жүзеге асыруына қасақана кедергі келтіретін адамдарға қатысты күзетпен апару және күзету;

5) қызметкердің өзін-өзі қорғау немесе өзінің отбасының мүшелерін қорғау мақсатында оған және (немесе) олардың денсаулығына немесе өміріне ауыр зиян келтірудің нақты қаупі төнген кезде шабуылды тойтару;

б) қажетті қорғаныс, аса қажеттік;

7) егер бұл құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ егер хаттама жасау міндетті болып табылса, оны сол орында жасау мүмкін болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау мақсатында қажет болса, құқық бұзушыларды жеткізу;

8) егер жүргізуші қызметкердің тоқтату жөніндегі заңды талаптарына бағынбаса, көлік құралдарына ақау келтіру арқылы оларды тоқтату үшін қолдануға құқығы бар.

1-1. Қызметкерлердің осы Заңда атыс қаруын және өзге де қаруды қолдану рұқсат етілген барлық жағдайларда дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін, сондай-ақ арнайы құралдарды қолдануға құқығы бар.

1-2. Арнайы құралдың түрі, оны қолдану уақытының басталуы мен қарқындылығы орын алған жағдай, құқық бұзушылықтың сипаты және құқық бұзушының жеке басы ескеріле отырып айқындалады.

2. Айналадағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтасқан шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білініп тұрған адамдарға және жас балаларға қатысты арнаулы құралдар мен жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға тыйым салынады.

2. ПО қызметкерлерімен дене күшін, арнаулы құралдарды және атыс қаруын қолданудың құқықтық негіздері.

Атыс қаруын және өзге де қаруды қолдану

1. Қызметкерлердің атыс қаруын және өзге де қаруды:

1) жеке адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайда

оларды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, сол сияқты кепілге алынғандарды босату;

2) қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне, қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі қызметтік немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген адамдарға жасалған шабуылға тойтарыс беру;

2-1) құқық қорғау органының атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы көлік құралын тартып алу әрекеттерінің жолын кесу;

3) жеке тұлғалардың тұрғын үй-жайларына, құқық қорғау органдары күзететін объектілерге, мемлекеттік ұйымдардың үй-жайларына жасалған шабуылға тойтарыс беру, қызметтік немесе әскери нарядқа жасалған шабуылға тойтарыс беру;

4) қарсылық көрсететін не қылмыс жасау кезінде үстінен түскен, қамаудан қашқан адамдарды (әкімшілік қамақта ұсталатындардан басқа) ұстау, қаруланған адамдарды ұстау;

5) егер көлік жүргізуші қызметкердің заңды талаптарына бағынбаса және жеке адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірсе, көлік құралдарына ақау келтіру арқылы оларды тоқтату;

б) адам өміріне немесе денсаулығына іс жүзінде қатер төндірген жағдайларда хайуанаттардың шабуылынан қорғану;

7) қару қолдану ниеті туралы азаматтарға ескерту, дабыл сигналын беру немесе көмекке шақыру үшін;

8) қажетті қорғаныстың және аса қажеттіліктің барлық өзге де жағдайларында қолдануға құқығы бар.

2. Әйелдерге, анық мүгедектік белгілері бар адамдарға, жасы белгілі немесе анық болған кезде кәмелетке толмағандарға қатысты, олар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, адамдарды кепілге, көлік құралдарын, оның ішінде әуе кемесін басып алған не топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, қару қолдануға тыйым салынады.

Атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды, дене күшін қолдану шарттары

1. Атыс қаруы және өзге де қару, арнайы құралдар, дене күші осы Заңда көзделген жағдайларда қалыптасқан жағдай негізге алына отырып қолданылады.

2. Қызметкерлер атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды, дене күшін қолдануға байланысты жағдайларда әрекеттерге жарамдылығына арнайы даярлықтан, мерзімдік тексеруден өтуге міндетті.

3. Қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында немесе қылмыс жасаған адамды ұстаған кезде қызметкер өзінде қажетті арнайы құралдар немесе қару болмаған кезде қолда бар кез келген құралды пайдалануға, сондай-ақ осы Заңда белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен жарақтандыруда тұрмаған өзге де қаруды қолдануға құқылы.

4. Атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды, дене күшін қолданған кезде қызметкерлер:

1) атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды, дене күшін

қолдануды кешіктіру азаматтардың, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін, өзге де ауыр салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін болатын немесе қалыптасқан жағдайда мұндай ескерту орынсыз немесе мүмкін емес болып табылатын жағдайларды қоспағанда, атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды, дене күшін қолдану ниеті туралы ескертуге, бұл ретте оларды қолдану көзделіп отырған адамдарға өзінің талаптарын орындау үшін жеткілікті уақыт беруге міндетті.

Атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды және дене күшін бөлімшенің (топтың) құрамында қолданған жағдайда, көрсетілген ескертуді бөлімше (топ) басшысы немесе арнаулы атағы, сыныптық шені, біліктілік сыныбы жоғары қызметкер жасайды;

2) жеке тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті шаралар қолдануға;

3) атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды, дене күшін қолданғаны туралы тікелей басшыға дереу баяндауға міндетті.

5. Адамдардың қаза табуына немесе өзге де ауыр салдарға әкеп соққан атыс қаруы және өзге де қару, арнайы құралдар, дене күші қолданылған әрбір оқиға туралы прокурорға дереу хабар беріледі.

6. Қызметкерлердің атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды, дене күшін өз өкілеттіктерін асыра пайдалана отырып қолдануы заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Әдебиеттер: 1, 3, 4, 5,8, 12, 20.

Семинарлық – 1 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

1. Атыс қаруын, арнаулы құралдарды және дене күшін ішкі істер органдарының қызметкерлерімен қолданудың құқықтық негізі.

2. Атыс қаруын, арнаулы құралдарды және дене күшін ішкі істер органдарының қызметкерлерімен қолданудың тәртібі.

Тәжірибелік – 2 сағат
орындау)

(тапсырмаларды

Бақылау сұрақтары:

1. Қылмыс жасау кезінде көзге түскен адамды ұсату кезінде ішкі істер органдарының қызметкерлерімен қолданрылатын бұлтартпау шараларының түрлері.

2. Құқық бұзушылықтардың жолын кесу кезінде полиция қызметкерлерімен қолданылатын арнаулы құралдардың түрлері.

1 Есеп.

Учаскелік полиция инспекторы К. патрульдеу жүргізіп жүріп, артынан ит қуып бара жатып, айқайлап көмекке шақырған баланы көреді. К. табельдік қаруымен итті атып өлтірді. Ертеңіне өлген иттің қожайыны ПД ӨҚБ барып УПИ оның итін заңсыз атып өлтірді деп арыз жазды.

Тапсырма:

1. УПИ К. іс әрекетінің заңдылығын анықтаңыз.
2. Атыс қаруын қолданғанан кейін, учаскелік инспектордың іс әрекеті қандай болу керек.
3. Қандай жағдайларда атыс қаруы қолданылады.

2 Есеп.

Учаскелік полиция инспекторы Қ. АІБ-нен рация арқылы жедел кезекшінің бұйрығы бойынша қызмет көрсететін учаскесіндегі Құрлысшылар көшесі № 6 үйдің подъезінің жанында мас күйінде гитарада ойнап әдепсіз өлең айтып отырған бес жасөспірімдерге келеді. Полиция қызметкерін көріп олардың біреуі оған балағат сөз айта бастады, ал біреуі учаскелік инспекторға «Оны ұрындар» деп айқайлап тұра жүгірді. Учаскелік инспектор Қ. шабылдаушыны резина таяғымен мойнынан ұрып жіберді, ал екіншісін аяғымен ішінен бір тепті.

Тапсырма:

1. Учаскелік полиция инспекторының әрекетіне баға беріңіз.
2. Атыс қаруын, арнаулы құралды және күрес тәсілдерін қандай тұлғаларға қарсы қолдануға болмайды?

3 Есеп.

Пәтерде отырып, оның тұрғындарын кепілге алған аса қауіпті қылмыскерді ұстау бойынша арнайы операция жүргізу кезінде, қылмыскер өз еркімен берілуден бас тартқан соң, ПО қызметкерлерімен оған қатысты арнаулы құрал және атыс қаруы қолданылды.

АІБ бастығы рация арқылы атыс қаруын және арнаулы құралды қолдануға рұқсат берді.

Тапсырма:

1. Болған жағдайға баға беріңіз.
2. АІБ бастығымен берілген рұқсаттың заңдылығын анықтаңыз.
3. Атыс қаруын және арнаулы құралды қолдануға қандай жағдайда рұқсат беріледі?

4 Есеп

Учаскелік полиция инспекторы А. шарап дүкеніндегі кезекке тәртіп орнату үшін келді, сол жерде бірнеше жас азамат кезекте тұрған адамдарды итеріп, дүкенге кіріп сатушыдан оларға бірнеше шөлмек арақ сатуын талап еткен. А. дүкенге кіріп ұрыс шығарған азаматтарға дүкеннен шығыуын талап етті. Олар дүкеннен шығуға бастартқан соң А. біреуін арқасынан резинка

таяғымен ұрып жіберіп, екіншісін кезектен итеріп жіберді, соның салдарынан ол тайып еденге құлап жеңіл дене жарақатын алды.

Тапсырма:

1. Учаскелік полиция инспекторының іс әрекетіне баға беріңіз.
2. Қол кісенін және резинка таяқшасын қолдану тәртібі қалай?

5 Есеп.

Учаскелік полиция инспекторы А. азаматтық киіммен автобустың ішінде артқы орындықта шылым шегіп сыра ішіп отырған екі азаматқа ескерту жасады. Олардың біреуі ескертуге қалтасынан газды тапаншасын алып шығып А. кеудесінен атты. Содан соң екі құқық бұзушы А. жабылып автобустың еденіне құлатып аяқтарымен ұра бастады. А. ұрған соққыларынан қолымен қорғанып табельдік қаруын алып, мен полиция қызметкерімін еденге жатыңдар деп айқайлап жоғарыға оқ атты. А. ұрып жатқандар тоқтаған автобустан түсе салып паркке қарай қашты. А. қашқандарға үш рет оқ атты, сол кезде біреуін аяғынан жаралады.

Тапсырма:

1. Осы жағдайда уческелік полиция инспекторының іс -әрекетіне баға беріңіз.
